

*Мақсатым – тіл ұстартым,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

9/2019

ҚЫРКҮЙЕК

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ	
<u>Құс қанат ғұмыр</u>	
Қ. ҚАДЫРҚҰЛОВ.	...Ғұмырымның сайраған ізі жатыр Маған берген жұртымның алғысында3
<u>Заман айнасы</u>	
А. ШАЯХМЕТ.	Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы.....9
<u>Уақыт пен әдебиет</u>	
Р.ТҰРЫСБЕК.	Өрнекті өріс, үлгілі үрдіс (Халық ағартушысы <i>Ы.Алтынсариннің</i> «Қазақ хрестоматиясы» хақында)21
<u>Тіл құдыреті</u>	
Б. Т. МУРЫНБАЕВА.	Көркем сөздің қуаты Абайдың Әбіш туралы өлеңінде.....35
<u>Ұстаз ұсынысы</u>	
М. Д. АКАТАЕВА.	Қазақ тілі сабағында дарынды балалармен жұмыс жасауда жеті модуль идеясын қолданудың тиімділігі43
<u>Қазақ тілі: ортақ әдіс, озық тәжірибе</u>	
К.Т. РАХИМОВА.	Аспан әлемі48
М.Х. АБДРАХМАНОВА.	Жол-көлік оқиғалары.....57
<u>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</u>	
Ұ. С.БЕРДЕШОВА.	А.Құнанбайұлы “Ғылым таппай мақтанба”.....62
Қ. С.СҰЛТАНМАХМУДОВА.	Шалкиіз жырау “Би Темірге бірінші толғауы”72
Н. АЙЫМБЕТ.	Дулат Бабатайұлы “О, Ақтан жас, Ақтан жас” өлеңі. Көркемсөз77
<u>Білім бастауы – Бастауыш</u>	
М. СМАЙЛОВА.	Менің отбасым. М дыбысы мен әрпі. Моя семья.
А. СЕМІЗТАЕВА.	Буква «М» и звук [м] (<i>кіріктірілген сабақ</i>).....86
Г. МУТАЛОВА.	Үй жануарлары.....96
<u>Колледж кеністігінде</u>	
К. К. УЛИКПАНОВА.	Тілдік норма және стиль.....104
<u>Ойын – ойдың өрісі</u>	
М. Ж. ҚАСЕНОВА.	Қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін қолданудың өзіндік ерекшеліктері.....108
<u>Мамандық – мақтаншы, қанатын қақты алыс</u>	
А.ЖАНИБЕКОВА.	Кітапхана майталманы118
<u>Кітапхана тынысы</u>	
Г.Е. БЕКЕНОВА.	Өр рухты дауылпаз ақын – Махамбет.....122
М.ЖАЛҒАСҚЫЗЫ.	Тарихтың қасіретті беттері.....127
Ш. ҚҰДАСОВА.	Алтын арқау – Ата Заң.....131
Л. ЕРІКҚЫЗЫ.	Абайды оқы, ерінбе!.....134
М. САНДЫБАЙ.	Жазушымен жүздесу.....136
А. ЕРМЕКБАЕВА.	Құрбан айт – ұлық мереке.....138
Л. СҰЛТАНБЕКОВА.	Ұлт бірлігінің негізі – мемлекеттік тіл.....141

Құс қанат ғұмыр

Қ. ҚАДЫРҚҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың оқытушысы,
филология ғылымының
кандидаты.

...ҒҰМЫРЫМНЫҢ САЙРАҒАН ІЗІ ЖАТЫР МАҒАН БЕРГЕН ЖҰРТЫМНЫҢ АЛҒЫСЫНДА

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, ақын Зернебек Шілдебайұлы осы жазда 70 жасқа толар еді...

Тағдырдың сыйға берген саналы ғұмырын халқының рухани мүддесіне бағыштай білген ұлтжанды тұлғаның мәңгілік сапарға аттанғанына да бес жылдың жүзі болыпты.

Ол Мәжіліс мінберінен Ана тілінің тағдыры туралы көсемсіп сөз сөйлеген жоқ. Ол кейбір «қозғалыс белсенділері» секілді Тіл тағдыры туралы қызыл сөзге барған да емес. «Аузымен орақ орғандардан» алыстау жүріп, бар ынта-жігерін, ақыл-парасатын туған тілінің дамуына, кемелденуіне арнап, нәтижелі істерімен еңбектене білді. Өткен ғасырдың 90-жылдары, идеология экономиканың жетегінде кеткен кезеңде Республикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын нарықтың қыспағынан аман алып шығу Зернебек Шілдебайұлының ғана қолынан келді. Қолында

сол тұстағы Білім министрі Ш.Шаяхметовтің бас редакторлыққа бекіткен бұйрығынан басқа ештеңесі жоқ журналды басқаруға тәуекел ету – көзсіз ерлік еді. Тәуелсіз еліміздің тарихында өтпелі кезең болып ерекшеленген сындарлы тұста тілі мен әдебиетін дәріптеген жалғыз журналды қорғап қалу – ардың ісі еді. Қорғап қалды. Жалғыз қорғаған жоқ, оқырмандарын көмекке шақырды. Оқырман болғанда қандай! Нағыз бекзат оқырмандар, ұстаз-оқырмандар. Қаржы тапшылығы қолбайлау болып, бірде қағаз табылмай, бірде баспахана табылмай, журналы екі айда бір рет кешігіп жетсе де, бекзат оқырмандары шет қалмады. Қанатымен су сепкен қарлығаштай қорғаныш болды. Жарытымсыз жалақысын жартыжылдап алмаса да, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемелік құралы, ғылыми ұстанымы саналатын журналдарынан қол үзген жоқ. Сондықтан болар, Зекең: *“ғалымдар тіл мен әдебиеттің бір тармағын ғана зерттесе, менің ұстаз-оқырмандарым барлық саласы бойынша шәкірттеріне білім береді,”* – деп мақтан тұтатын.

Алғаш 1958 жылы жарық көріп, бір жылдан соң жарияланымын тоқтатқан (1959 жылы) «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы араға 32 жыл салып қайта оралғанда, бағына қарай бас редактор болып Зернебек Шілдебайұлы жолықты. Университеттен алған білімін (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) мектеп мұғалімі, аудармашы, газет тілшісі, педагогикалық журналдың ғылыми редакторы қызметтерімен ұштастырған Зекең өз біліміне, қабілетіне, еңбекқорлығына сенді. Сол сенімнің арқасында «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына қосымша Республикалық ғылыми-

психологиялық және педагогикалық «Ұлағат» журналы (1994 жылы) жарық көрді. Бұл Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы тұңғыш педагогикалық басылым болды. Ұрпағымыздың ұлттық тәрбиесіне басымдық берген басылым екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) оқырмандарымен қауышты. Бұдан соң бас редактордың бастамасымен қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытып-үйрету әдістемесіне негізделген «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» журналы (2001 жылы) білім беру әлеміне қадам басты. Үш журналдың да ғылыми маңыздылығы зор материалдары негізінде Білім және ғылым министрлігі жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның ғылыми басылымдары құрамына енуі Зернебек Шілдебайұлының ұлт тілі мен әдебиетіне деген шынайы қамқорлығын айшықтай түсті. Қазақ филологиясынан кандидаттық немесе докторлық диссертация қорғаған ғалымдардың ғылыми мақалаларының Зекеңнің талқылауынан өтпегені – кем де кем. Бәрібір, бас редактор олардың тұрақты оқырман бола алмайтынын сезетін еді. Кейін Ғылыми кеңестер тарап, ғылыми атақтың жаңа формасы енген кезде, кезекке тұратын ізденуші ғалымдардың қатары сиреп қалды. Тұрақты оқырмандары – өзінің бекзат жандары. *«Мен ай сайын қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өткіземін. Баяндамашылар – Қазақстанның төрт құбыласында сабақ беретін ұстаздар. Ғылыми жаңалықтарымен, әдістемелік жетістіктерімен бөлісіп, ұсыныс-пікірлерін, тұжырымды ойларын келесі айдың конференциясында ортаға салады»,* - деуші еді ағамыз. Жоғары оқу орындарында жылына

бір рет әуірімдеп өткізілетін ғылыми-әдістемелік конференцияларға сын көзбен қарайтын. Конференция мақалаларының жинағында кемінде елу адамның тізімі тұрады да, баяндама жасайтындарының саны солардың үштен бірінен аспайтындығына өзіміз ұялатынбыз. Ойлап қарасақ, Зекең басқаратын журналдардың ай сайынғы санында жарияланатын мақалалардың бәрі қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы көкейкесті мәселелерді қамтиды екен. Қазақ тілі ғылымында шешімін таба қоймаған түйіндердің ұтымды жолдарын ұсынады екен. Бір тақырыпты оқушыға меңгертудің бірнеше әдістемелік үлгісін журнал бетіне ұсынып, еліміздің түкпір-түкпіріндегі мектептерге тарататынын айтсаңыз! Міне, осылай бір жылда он екі конференция өткізетін үш басылым қазақ халқының болашағы – жас өркеніне білім беру ісінде нәтижелі қызметін үздіксіз жалғастырып келеді. Ол қилы кезеңдерде тілінің болашағынан түңілген жоқ. Тіліне жанашыр көзбен қарайтын халқына сенді. Халқын шексіз сүйді. Ақын жүрегімен сүйді.

Зекең – ақын еді. Шынайы ақын болатын. Өмірдегі шынайы болмысы ақындығынан көрініс тапты. Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын екінші курстан тастатып, университеттің (қазіргі ҚазҰУ) филология факультетіне әкелген де осы ақындығы еді. Барлық студент ақындар секілді жыр кештерінде дүркіретіп өлең оқыды. Барлық студент ақындар секілді Көктемге ғашық болды:

*Көктем, көктем...көктемі жиырма бірдің,
Байқадың ба шыққанын қырга гүлдің?!
Үйленерде жасанған қыздай болып,*

Жаңа ғана мен жазған жырға кірдің.

Аспандағы ай мен күнге қол созған жоқ. Қиялдан да қиырдағы ғажайыптарға еліктеп, елжіремеді. Жүрегіне жақын тартқан құбылыстар мен сезімін селт еткізген көріністерді жырлай білді. Анасының көңілін аялай білген шумаққа назар аударыңызшы:

*«Осы құрғыр жүрегім нені білді?» –
Деп жүрсің бе күнде ойлап серігімді.
Шеше, шыда, бәріне төзімді ең зой,
Жарқ еткізем бір күні келіңді!*

Бір шумақ – тұтас бір оралым, ана мен бала арасындағы уылжыған бір үзік сыр.

Ақын Зекеңнің «Мен» деп басталатын бір өлеңі жоқ екен. «Тау қопарып, көл тауысатындай» деңгейдегі уәдесін де кездестіре алмадық. Тірлігіндегі ерекше күй кештірген сәттерді ғана поэзия тілімен баяндапты: *Ана тілін пір тұтқан ер халықтың //Айдарынан періште жел еседі. Азын-аулақ осынау тірлігімде // Тек ізгілік кеудемнен түрегелген. Бұралаң нарық жолында // Жия алмай жатыр жұрт есін. Өзім кешпес пенделігім болса да // Еш ауытқып кеткенім жоқ шындықтан. Жіберсе зой, шіркін-ай, бар ызғарын өмірдің//көктем етіп. Шабар кезде еңсесін тік көтеріп // Тұлпар емес, көкке бір шапшымаған. Бәріне өзі жауапты сезінеді // Менің мынау жүрегім жұдырықтай...*

Алғашқы жыр жинағы («*Кеудемдегі кептерім*») елу жасында жарық көріп, ойлы өлеңдері жыр сүйер қауымға жолдама алды. Асыра теңеу мен әсірелеуден гөрі ойландыратын, ойындағыңды ортаға салғызатын шумақтарға толы Зекеңнің поэзиясы әрбір оқыған жанның өзі болып сөлейтіндей көрінеді. ...*Тұр-түсі*

де, мекенін // Көре алмайсың жақыннан // Шабыттың
не екенін // Сұрау керек ақыннан дей жүріп, сол
«құрымағыр» шабыты келгенде ғана қолына қысыла
қалам алатынын мойындайды:

...Кейде осы бір жүрегім күй аңсарда,
Дүр сілкініп қырандай тұрам сонда.
Тастай алмай қойдым-ау құрғырды бұл
Аруағынан Абайдың ұялсам да.

Белгілі ақын Сабырхан Асановтан кейінгі Абайдың
аруағынан кешірім сұрай отырып жыр жазған ақын –
Зернебек Шілдебайұлы секілді (менің пайымдауымша).

Өмірінің соңғы жылдарында Зекең поэзиядағы
арнау жанрына ерекше көңіл бөліп, қазақ даласында
дүниеге келген Ұлылар рухына лирикалық
толғаныстарымен тағзым етті. Қорқыт атаның Күй
- қобызы, Асан қайғы бабамыздың Жерұйығы,
әл-Фараби ғұламаның трактаттары, Күй атасы
Құрманғазының тағдыры туралы толғаулары... бәрі
ақынның «**Ұлылар ұлағаты**» **жинағынан** (2014 жылы)
орын алды. Жалпы, поэзияны талдап-талқылағаннан
гөрі, оқыған тиімді. Әсіресе, Зекеңнің поэзиясын... *Екі
ұлымды адалдыққа баулыдым // Ал жан жарым бастан
кешкен жайды ұқты* деген жыр жолдарындағы ұлдары
жоғары білімді азамат болып, еліне адал қызмет етуде.
Екі ұлдан өрбіген немерелері де аталарының қуанышы
болып үлгерді. Ал жан жары Бәтима әпкеміз Зекеңнің
өмірінің өрнегі болған үш журналын басқарып, ай
сайын бекзат оқырмандарына жолдап келеді. Өмірінің
өзегіне айналған өлеңдерінің жаңа топтамалары
«**Өлеңдері өмірінің айнасы еді**» **жинағымен** (2019
жыл) жыр сүйер қауымына беттеп барады.

Заман айнасы

А. ШАЯХМЕТ,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті
Медиаорталығы директоры, профессор,
филология ғылымдарының кандидаты.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ СИМВОЛЫ

Аңдатпа: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің символы»
атты мақалада өз заманында Алашорда зиялылары тер
төккен тілдің өзекті мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: «Алаш» партиясы, мемлекеттік тіл,
БАҚ, «Қазақ» газеті, ана тіл.

Summary: In the article «The State Language is a
Symbol of the State», topical issues of the language are
examined, which in due time were considered by the figures
of Alashorda

Key words: party «Alash», the State language, the
media, the newspaper «Kazakh», the mother tongue.

1917 жылы «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы
бағдарламасының жобасы жарияланды. Аталған
жобада қазақ жеріндегі білім ошақтарының есігі ашық
және тегін болуы, бастауыш мектептердебілім тек ана
тілінде оқытылуы қадап айтылды [1].

Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың
жаңа сөздерін жасаудағы еңбегі орасан зор. Мәселен,
ол публицистиканы көсемсөз, афоризмді ділмәрсөз,
живописьті кескін, архитектураны сәулет, музыканы

әуез деп атады. Ақаңның орыс немесе басқа тілдердегі даяр сөздерді ала салмай, термин жасауда ана тілінің тамырына үңілуі үлкен үлгі-өнеге. Оның осы үлгісін оның тұтастары да шебер пайдаланды. Мәселен, Елдес Омарұлы геометрия мен тригонометрияны пішіндеме және кескіндеме деп атады. Теореманы түйін, гипотенузаны қима, трапецияны қостабан, периметрді жиек деп жазды. Өкінішке орай, осындай ұлылардан қалған ұлағатқа әлі де көбіміз ден қоймай жүрміз. Тіл қорын байытатын сөздер Ақаңның «Әдебиет танытқышынан» ғана емес, «Қазақ» газетінде жарық көрген көптеген мақала, хабарлардан да көптеп табылады.

Алаш арыстары мемлекеттің негізгі өзегі тіл екенін жақсы түсінді. **Ахмет Байтұрсынұлы:** «Дүниеде ешбір тіл өз-өзінен шықпайды. Тіл деген нәрсе қалың елдің күндегі тұрмыс қазанында қайнап, пісіп дүниеге келеді... Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» [2], – деп жазса,

Ғұмар Қараи: «Тіл болмаса, ұлт та болмайды, яғни, ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Ең әуелі, ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсың...», – деді.

Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын» [3], – деп ашына жазды.

Халел Досмұхамедұлы: «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі – зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек... Біздің тәжірибемізде қазақ тілі – бай тіл. Тек сөздерін ғылым жолына салып реттесе, ешбір жұрттың тілінен кем болмайды», – деген ой айтты.

Елдес Омарұлы Әлихан мен Ақанды «қазақ ұлтының көсемдері» деп таныса, олар да Елдес десе, ішкен асын жерге қоятын. Елдес «Пішіндеме» мен «Кескіндеме» жарық көргеннен кейін ең алғашқы бағаны да солардың аузынан естіген. «Геометрия мен тригонометрияны тәржімалауға болады» деген үш ұйықтасақ, ойымызға келмейті, сен қазақ ұғымына сай балама тапқан екенсің, – деп екеуі бірдей балаша мәз болған. Ақаң Елдестің аудармаларын және жаңа баламаларын қуана құптаған болатын. Әлихан Бөкейхан Ахмет Байтұрсынұлына жазған хатында: «Елдесім – жақсы жігіт. Бұрын да жақсы еді. Енді онан да сүйікті болып кетті. Бір күні Шәңгерей маған: «Мен сені жақсы көрем. Білесің бе? – деді. Мен: «Жоқ!» – дедім. Шәңгерей маған: «Сен шын қазақсың ба? Сені «қазақ» деп жақсы көрем!» – деді. Физиканы оқып қарасам, Елдесім де қазақ екен», – деп жазыпты [4].

Алаш идеясына біз адалдық танытып жүрміз бе? Осы сауал кейінгі уақытта жиі мазалайды. Мемлекеттік тіл де – елтаңба, әнұран, мемлекеттік ту секілді Қазақ мемлекетінің символы, елдігіміздің нышаны. **Мемлекеттік тілге көшу мәселесі солтүстік**

облыстарда көбінесе тек қана орыс тілінің пайдасына шешіліп жатқаны өтірік емес. Әу баста қоғам болып жиылып, таудай болып үйіліп, аяғында қар суындай сұйылып кеткен жайымызды жасырудың қажеті жоқ. Қазіргі орыс тілі мен қазақ тілінің «тепетендігі» аттылымен жаяу адам жарысқандай, Қажымұқанмен ергежейлі алысқандай жағдайда. Тіліміздің алтын діңгегі болған қазақ ауылдарының көбі азып-тозып, өздерінің байырғы атауларынан айырылып қалды.

Терминология саласындағы мамандардың құлағына алтын сырға, село, деревня, рабочий поселок, населенный пункт деген атауларды жаңалап, кент, шаһар, мекен, қоныс, тұрақ деген секілді қазақ тіліндегі баламалармен ауыстыру күн тәртібіне қойылуы керек. «Әуелі көршімен ақылдасып алайық» деген жалтақтықты ысырып қойып, *қала, ауыл, көше атауларын, дүкендер мен мекемелер, кәсіпорындар атауларын, маңдайшадағы жазуларды бір-ақ тілде жазу туралы тіл туралы заңға өзгеріс енгізу ауадай қажет. Екі тілде жазу екі есе шығын екенін неге ескермейміз?* Абай даңғылын «проспект Абая», Шоқан көшесін «улица Валиханова» дегеннен не ұтамыз? Кирилл әрпімен жазылған жазуды осы күні қазақ түгілі орыс та түсінетін деңгейге келдік емес пе?! Бұрын «Тобыл» аталып келген футбол командасы «Тобол» деген атпен Қостанай облыстық әділет басқармасында заңды тіркеуден өткеніне де көзімізді жұмып қойдық. «Өзге ұлттарды ренжітпейік» деген желеумен тарихи жер-су атауларын қайтаруды ұзын арқан, кең тұсауға салып келеміз. Осы мәселеге орай елді мекендерде жиын жасау, оларды жергілікті мәслихаттарда қарау

секілді процестерден арылмайынша қазақтың сөзі өтпейтініне куә болып жүрміз.

Ең алдымен, тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілдегі картасы жасалуы керек секілді. Бұл картадағы жер-су атаулары түгел дерлік қазақ тілінде жазылуы керек. Тілімізге қаулаған өрттен қорғағандай жанашырлық көрсетіп, қараңғыда қалған ауылда жарық жандырғандай қылу үшін мемлекеттегі беру мәселесі, мемлекеттік тілдің орындалуын бақылау Тіл туралы заңда арнайы қарастырылуы керек. Тіл туралы заңды бұзған мекеме басшыларына әуелі ескерту жасап, кейін айып салынса, оған да көнбесе, қатаң жазаланса, салынған айыптан түскен қаржы тілімізді дамытуға жұмсалса, оның пайдасы орасан зор болатынына күмән келтіру қиын.

Мемлекетті «алтын отау» деп бейнелі түрде айтатын болсақ, әкесі мен шешесі қазақ тілінде сөйлемейтін отбасында баланы қазақша сөйлетемін деу – бекершілік. *Ең алдымен, ана тілінде Президент аппараты, Парламент, әкімдер сөйлеуі керек. Сөйлей алмаса, әкім болмай, басшы болмай, орынбасар болса, қосшы болса да, жетіп жатыр. Ал ұлттық идеологияға жауапты орынбасарлар екі тілді толық меңгермесе, меңгергісі де келмесе, олардан не қайыр?!*

Мемлекеттік тілдің іргетасы – балабақша мен мектеп, сол бақшалар мен мектептерді тек қана ана тілінде тәлім-тәрбие беретін оқу ордалары қылып қайта құруға не кедергі?! – Баяғы жалпақиешейлік. Қазақ мектебінде мемлекеттік тілде білім беріп, орыс тілін тереңдетіп оқытса, өзге ұлт алғыс айтпаса, қарғыс айтпайтыны анық. Ал

жетімханалардағы тәлім-тәрбие солтүстік өңірде тек қана орыс тілінде екені белгілі. Олар ержеткен соң өз елін өгей санайтын ұрпақ болмасына кім кепіл?! Ахмет Байтұрсынұлының мектептегі білім алғашқы жылдары тек қана ана тілінде берілуі керек деген «Бастауыш мектеп» туралы («Қазақ» газеті, 1914) тамаша ойдың шенеуніктердің ойына да кіріп-шықпайтыны түсініксіз. Бастауыш мектепте бірінғай қазақша оқыту мәселесі шешімін тапты ма? Ең сорақысы – кейінгі уақытта қазақ мектебінен көрі орыс мектебіне баратын оқушылар саны көбейіп барады.

Ресейлік БАҚ-тың Қазақстанның ақпараттық кеңістігіне ықпалынан даарыла алмай отырмыз. Қостанай облысындағы жүзден астам газет пен журналдың таза қазақ тілінде шығатыны бірен-саран. Аудандық және қалалық газеттердің аты қазақша да, заты басқа. Мәселен, Қарабалықта «Айна», Қостанай ауданында «Көзқарас», Қостанай қаласында «Қостанай» деген газеттер жарық көреді. Материалдардың басым бөлігі орыс тілінде, қазақ тілінде ара-тұра не жалғыз бет, не айқарма беттер беріледі. Біздің қазақ соған да мәз.

«Көршің соқыр болса, көзіңді қыс» деген мәтел қазіргі уақытта бізге арнап айтылған тәрізді. Ал көрші мемлекеттегі қазақтардың не мектебі, не театры, не ана тілінде шығатын басылымы жоқ. Оған сұрау салып жатқан Қазақ үкіметі де жоқ.

Тіл мәселесін мен айдалада тоқтап қалған өгіз жеккен арбаға ұқсатамын. Халық өлеңінде айтылғандай, қара жолмен сықырлап арба келеді. Не асфальт жол жоқ: аяқтың асты – батпақ, жолаушылардың үсті – сатпақ. Арбаны көздеген

жерге алып бару үшін ең алдымен қамыт киген өгіз мықты болуы керек, оның шамасы жетпесе, айдаушы іскер болуы шарт, оның да қолынан келмесе, кездейсоқ жүргіншілер мен арнаулы жолаушылар бейнетіне көніп, бірі тегершігін итеріп, бірі өгізді сүйреп, біреуі жол көрсетіп дегендей, көпшілікпен бітетін жұмыс. Бізде сөз көп те, іс шамалы. Ал құр айқаймен есекті де жұмысқа жеге алмайсың. «Тәуелсіздік алғалы пәлен жыл», – деп жатырмыз. Одан бері бірінші сыныптың табалдырығын аттаған бала кәмелетке келетін уақыт болды ғой. Тілі қазақша шыққан бала енді қазақша сөйлей алмай тұрса, оған кім кінәлі?! Оны «сақау» деп те, «мақау» деп те айта алмаймыз ғой.

Ақаң айтқан халықтың көзі, құлағы тілі болатын төл басылымдарымыз жеткілікті ме? Өзге ұлттарды төрімізге шығарып, өзіміз босағада қалатындай не жазығымыз бар? Осыдан он шақты жыл бұрын балаларымызды қазақ мектебіне беріп, жиналыстарда ана тілімізде сөйлеп, марқайып қалып едік. Сол үрдіс жалғасын тауып жатыр деп айту қиын. Өйткені **«қазақ тілі тағзы қалды тасада, ұқсап тұрмыз Ақаң айтқан масаға...»**.

Теледидарды ашып қалсаң да, радионың құлағың басып қалсаң да, газеттерді парақтасаң да, журналдарға қарап қалсаң да, басымдық орыс тілінде. Қазақстандағы, әсіресе, облыс орталықтарындағы орыс тілдес газеттер қазақ елі емес, басқа мемлекеттің басылымы секілді. Өйткені оларда халқымыздың тілі мен діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті туралы мүлдем жазылмайды немесе ара-тұра, тиіп-қашып жазылады. Олардың көпшілігі христиан дінін

уағыздайды, орыс немесе батыс мәдениеті мен әдебиетін насихаттайды. ***Бір газжасы – сол басылымдар тендерде «жеңімпаз» атанып, мемлекет тарапынан оларға қаржы бөлінеді.*** «Қазақ тілді басылымдардың жан айқайын күнде оқып жүрміз», – десек те, олардың көпшілігі өз қотырын өзі қасығандай әсер қалдырады. «Мемлекеттік тілді білмейтін шенеунік немесе қазақ тілінде сөйлемейтін депутат қызметтен кетсін немесе депутаттық мәртебеден айырылсын» дейтін сөздер де естіледі. Екінші жақ болса, орыс тілінің өнбейтін дауын даулап, өршелене түседі. Тіл жанашырларының көптеген құнды пікірлері «жартасқа бардым, күнде айқай салдымды» еске салады. Баяғы жартас – бір жартас. Мекемелер мен көше аттарының жазылуындағы өрескел қателер туралы БАҚ аттан салып жатады. Бірақ сын түзелгенмен, мін түзеліп жатқан жоқ. Өйткені билік басындағылардың дені – орысша ойлайтындар, сол тілде сөйлейтіндер, «қазақ тілін өрге шығарайық», – десең, «әлі оған ерте, қой!» дейтіндер. «Сең қозғалды ма?» дегенде, премьер-министр мен кейбір министрлеріміздің тілі келсін-келмесін ана тілінде сөйлеп жатқанынан үміт етеміз. Бірақ мемлекеттік тіл мәселесін кейінгі кезде жиі өткізіліп жүрген түрлі байқаулар мен көрмелер, өзге ұлт өкілдері арасындағы жарыстар түбегейлі шеше алмайтыны туралы қазақ басылымдары жазудай-ақ жазып жатыр. Қазақ тілі әр отбасымен қатар мемлекеттік ұйымдарда, мектепте және мәдени ошақтарда басымдыққа ие болғанда ғана бөркімізді аспанға атуға болады.

Біздің теледидарды жаулап алған, көбінің мазмұны жеңіл айтыстарда тіл мәселесі жиі айтылғанына

ғана қуанбасақ, «мұндай хабарлар қазақ халқының мәдени өресін танытады» деп айту қиын. Оның есесіне зиялы қауым өкілдерін көбірек сөйлетіп, осы тақырыпқа орыс тіліндегі бағдарламаларда да жиі оралып отырсақ, нұр үстіне нұр болар еді. Көгілдір экранда ана тілін қасиет тұтатын белгілі қоғам қайраткерлерінің, ақын-жазушыларымыз бен ғалымдарымыздың тұрақты мінбері болуы керек. ***Содан кейін кейбір министрлеріміз бен жоғары лауазымды шенеуніктердің орыс тілінде сөйлегенін қазақ тіліндегі хабарларда мүлде көрсетпеуге тырысу керек. Олардың сөздерін қазақшаға аударып бергеннен не ұтамыз?!***

Босағада қалған қазақ тілін төрге шығару үшін ана тілінде тәулігіне 24 сағат бойы сөйлейтін арнаулы телеарна керек. Қазақ радиосы да үзіліссіз эфирге шығуы керек. Мемлекет тарапынан қаржыландырылатын көптеген республикалық және облыстық газеттерді орыс және қазақ басылымдарын біріктіріп, екі тілде шығарсақ, ұтар едік. Мәселен «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» көбінесе бір тақырыптағы материалдарды жариялап келе жатқаны шындық қой. Мұның өзі, бір жағынан, қаржы үнемдеуге әкелсе, екінші жағынан, тіл үйрету мектебі болар еді. Жарнамадан түскен қаржы да бір астауға құйылар еді. Мемлекеттік тілдің мүддесін қызғыштай қорғайтын орыс тілді басылым да ауадай қажет.

Ұлттың тілден алыстауы – сөз бен істің қабыспауы. Сөз жүзінде «қазақ тілін дамытайық» деген қайраткерсымақ іс жүзінде ана тілін өзге тілден кем

көрсө жағдай қайдан түзелсін?! Сөзі басқа адамның ісі басқа болған соң олардан қандай үлгі-өнеге алуға болады?!

Ана тілі – бізге ананың сүті секілді. Ал басқа тілді емізікпен салыстыруға болады. Емізікпен өскен баладан ана сүтіне уызынан жарыған баланың артықшылығы көп екені анық. Қазақ халқының тілі ғасырлар бойы өзінің түбірін сақтап келуі біздің тіліміздің айрықша бай әрі мағыналы екенін көрсетеді. Мысалы, Адам деген алғашқы пайғамбардың аты халқымызда кісі деген ұғымда сақталған. «Атымды адам қойған соң қайтіп надан болайын!» – деген Абай сөзі ойға оралады.

Көрнекті көсемсөзші Міржақып Дулатов 1920 жылы «Кедей сөзінде» жарық көрген «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы» атты мақаласында («Ақиқат» журналы, №4, 1998) қызыл тілге ерік береді:

«Ешкімге бағынбаған, тірі жанға жалынбаған, еркі өзінде, ерке жауынгер. Ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Ақкөңіл, ақжарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді. «Бұл – кім?» – десеңіз, – Қазақ еді! Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс, тұнық су, шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қылып, мереке, қызық күн сайын, жарыс салып жас ұлан, қыз-бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ, «Бұл – кім еді?» – десеңіз, бұл – қазақ еді! Құл болды. Құр болды. Жайылып, жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айырылды. Жігері қатты жасыды. Қоянжүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты. Бұл – кім? Бұл да – қазақ! Бірақ бұл – орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып,

жарық сәуле көре алмай, қараңғыда қамығып, жыламсырап, қамыққан қазақ елі» [5].

Мақала осындай өлеңге бергісіз, адам айтса сенгісіз, жігерінді жанитын, намысынды қайрайтын сөйлемдерден басталады. **«Бұл – кім еді?»** деген сауалды қайта-қайта қою арқылы автор эмоциялық әсерді одан ірі ұлғайта түседі. Сол сауалдарға да бір-ақ сөзбен: **«Бұл – қазақ еді!»** – деп жауап береді. Үзінді – ұйқасты сөздерге құрылған қызыл тіл емес, ойлы, жігерлі, айтар ойы анық, бояуы қанық. Міржақыптың бұл ойы жігерлі де айшықты ана тілі арқылы жұрт жүрегіне жетті.

Арада көп уақыт өткенде жазушы Әбіш Кекілбаев: *«Жаңа тәуелсіз мемлекеттер кешегі империяның эпицентріне географиялық жағынан да, менталитеттік жағынан да әлдеқайда жақын тұр. Олардың көпшілігінің былайғы дүниемен тікелей байланысы болмаған. Азын-аулақ қарым-қатынасының өзі тоталитарлық орталық арқылы жасалған. Мәдени, ғылыми, саяси байланыстары да империялық мемлекеттік тіл арқылы жүзеге асқан. Сондықтан ешқандай батыстық не шығыстық ыңғайластық турасында сөз етуге болмайды. Сондықтан «сандық» ішіндегі «сандық» қалпында өмір сүріп келген шет аймақтық қауымдарға ашық қоғам үрдісіне көшу оңайға түспей жатқандығы түсінікті. Оның үстіне олардың бұған ұлттық мемлекет түгілі, ұлттық қауым ретіндегі даралығы да тым шектеулі еді. Бұның бәрі астыртын адамзаттық қоғам құрмақ түгілі, жөні дұрыс оппозиция иемденуге де мүмкіндік бермеді. Ашық қоғамдармен тікелей байланыстарға*

шығуға еш саңылау қалдырылмаған қауымдарда диссиденттікке де жол берілмейтіндігі, Арктикада апельсин өспейтіндігі секілді, өзінен-өзі белгілі ақиқат. Олардың үйде тұрып маңыраған жетім лақтай, өз тағдырына налыған өкпе-наздарынан қалған әлем бейхабар жатты» [6], – деп толғанды.

Алаш қайраткерлерінің аңсаған арманы – өз жерімізде, өз елімізде ана тілін төрге шығару болатын. **Ол – бүгінгі жастардың және келер ұрпақтың парызы.**

Әдебиет:

1. Аяған Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. Қазақстан тарихы. - Алматы: Атамұра, 2013.
2. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы: Арыс, 2013.
3. Мұстафа Шоқай Шығармалар жинағы. - Алматы, 2012-2014.
4. Ақылбек Шаяхмет «Тайбағар». – Астана: Фолиант, 2011.
5. Дулатов М. Октябрь төңкерісінің үшінші жылы // Ақиқат. - №4. - 1998.
6. Кекілбаев Ә. Басты мұратымыз – баянды елдік // Егемен Қазақстан. – 2004, 12 маусым.
7. Омарұлы Е. Шығармалары. Сочинения. - Астана: Фолиант, 2017.

Уақыт пен әдебиет

ӘОЖ:

82.512.122.09

Р.ТҰРЫСБЕК,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.
Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті.
Астана қаласы

ӨРНЕКТІ ӨРІС, ҮЛГІЛІ ҮРДІС

(Халық ағартушысы Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» хақында)

Аңдатпа: Ұлт ағартушысы, қоғам қайраткері һәм қаламгер Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») атты оқу құралы – Орынбор қаласында жарық көріп (1879), онда халық әдебиеті үлгілері, Еуропа классикасы, поэзия мен қарасөзден тұратын туындылар табиғаты тақырыптық ерекшелігі, идеялық бағыты, мазмұндық мәні, көркемдік мұраттары, тіл тұғыры тұрғысынан байыпты сараланып, жүйелі топтастырылғаны терең танылады.

Expression in the field, the best process

(People educator Y. Altynsarin «Kazakh reader» is played on)

The article discusses the artistic heritage and the role of I. Altynsarin artistic perception in contemporary literature, some of genre techniques, text, stylized work of the famous writer and scholar.

Key words: title, text, art, style, creativity, poetics.

Наследие Ыбырая Алтынсарина

В статье рассматривается творческое наследие Ы.Алтынсарина и роль художественного восприятия в современной литературе, некоторые методы жанра, тексты, стилизаций труда известного писателя-ученного.

Ключевые слова: тема, текст, искусство, стиль, творчество, поэтика.

Тұңғыш оқу құралының («Қазақ хрестоматиясы») тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген жаңа нұсқасының жалпы редакциясын басқарған, профессор С.Садырбаев: «...социализм кезіндегі идеологиялық саясатқа байланысты, автордың кейбір сөздері (Құдай, Пайғамбар, т.б.) алынып тасталды...орыс транскрипциясымен (әрпімен) басылғандықтан, бүгінгі алфавитке көшіру кезінде құрастырушыларға көптеген қиындықтар кездескен. Мәтінді әркім әр түрлі оқыды», – деп жазады (3-бет). Құрастырушы келесі кезекте: «Бұған қарағанда, Ы.Алтынсариннің «Киргизская хрестоматия» кітабының редакторы және корректорлары орыс азаматтары болғандығы байқалады.

Өздері қазақ сөздерін қалай естісе, солай жазған. Бірақ, қазақ сөзінің бұрмалануына жол бермеген. Қалай болғанда да, бұл кітап қазақ кітап бастыру тарихында таза қазақ тілінде алғаш рет жарияланған еліміздің рухани алтын қорындағы әдеби мұра болып саналады. Сондықтан, аталған әдеби кітап қанша рет басылса да, мектептің негізгі оқу құралының бірі болып саналатыны сөзсіз» дегенді де анық-қанық айтады (4-бет).Туынды табиғаты мен

тағылымына зор маңыз береді.

Танытқыштық Һәм тәлімдік сипаттары айқындалады. Кеше мен бүгін байланысына мән беріп, кезең Һәм уақыт рухын кең көлемде ашады.

Қазақ ағартушысы Ы.Алтынсариннің ұлтқа қызметі – мектеп жүйесінен, оқу мен оқыту ісінен, шығармашылық мұрасынан көрінетіндігі – «Шолпан» журналынан да кең түрде орын алғанын аңғарар едік [2, 359-373]. Бастысы, әрине аталған мақалада Ы.Алтынсариннің өмірі мен кезеңі, қоғамдық Һәм ұстаздық қызметі, ұлт пен ұрпаққа бағытталған ағартушылық миссиясы кең түрде орын алады. Әсіресе, Ы.Алтынсариннің Орынбор кезеңі, Торғай, Тобыл өңіріндегі мектеп ашу ісіндегі ерен еңбегі, ағартушылық Һәм демократтық бағыттағы мұраттары, елшіл-қоғамшыл қырлары кеңінен көрініс береді. Сондай-ақ, мақалада: «...Ыбырай қазақ тілінде екі бөлімді қырағат кітабын жазады... Бұл кітапта 4 бөлім бар:

1 – балалар тұрмысынан орыс кітаптарынан алған ұсақ әңгімелер, қазақ тіршілігінен түрлі әңгімелер, ертегілер оқудағы балалардың туысқандарына хат,

2 – үлкендер тұрмысынан әңгімелер,

3 – қазақ ақындарының өлеңдері мен өз өлеңдері,

4 – қазақ мақалдары, тақпақтары.

Ыбырайдың бұл кітабын хат танитын қазақ балаларының білмейтіні жоқ болса керек. Кітап басында, Ыбырайдың «Сөз басы» деген өлеңімен басталады. Ол өлең – ойлап қарасақ, Ыбырай өзінен кейінгі қазақ халқының жасөспірім, жас ұланға салып кеткен азаны, ұраны. Бойы өспеген, бұғанасы

қатпаған бала кітабын қолтықтап, мектеп табалдырығын аттағаннан, қазақтың жас ұрығы бисмилда орнына, оқуды Ыбырайдың ұранынан бастап жаттап алып мектептен кеткенде де ол өлең ешуақыт естен шықпаса керек», – деп аталмыш өлеңнің тұтас мәтіні беріледі [2, 364]. Тақырыбы, табиғаты айқындалады.

Ағартушы-қаламгер Б.Алтынсариннің педагогикалық һәм шығармашылық мұрасы өмір тәжірибесінен туындаған, тақырыптық табиғаты айқын әрі көркемдік көкжиегі кең, оқып-үйренуге жеңіл, қысқа-нұсқа үлгіде берілгендіктен қабылдауға, танып-түсінуге де ыңғайлы әрі әсерлілігі мен тартымдылығы басым болғандықтан, әркімнің де жан дүниесіне жақын, көңілді де баурап алады. Айқын ой, жатық тіл, таныс көрініс-суреттер де өмір-тұрмыстан алынып, уақыт шындықтарына сәйкес келетіндіктен, жас ұрпақ танымына да жүйелі жетеді. Бұдан басқа, алғашқы оқу құралын құрастырып («Қазақ хрестоматиясы»), ұлт руханиятының көкжиегін кеңейтті. Ұлт пен ұрпақтың кемел келешегіне оқу құралы арқылы рухани көпір салып, мәңгілік қызмет етті. Оның үстіне: *«Алтынсарин жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің қалыптасуына қомақты үлес қосты. Жастарды өнер-білім, техниканы игеруге үндеу ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» деген өлеңінде өз жалғасын тапқан. Табиғат көріністерін жеке алып, нақты суреттеу Алтынсариннің лирикалық өлеңдерінен басталады. Ақын өзінің «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінде жыл мезгілдерін шеберлікпен сипаттайды. Алтынсариннің төл әңгімелері қысқа*

да нұсқа құрылып, мазмұны жағынан ұтымды келеді. Осыған орай оның *«Қыпшақ Сейітқұл», «Киіз үй мен ағаш үй» тәрізді новеллаларын* тілге тиек етуге болады. Бұлармен үндес *«Аурудан аяған күштірек», «Асыл шөп», «Шеше мен бала», «Бай мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», т.б. әңгімелері әсерлі де көркем шығармалар. Алтынсарин әлем әдебиетінен К.Ушинский, Л.Толстой, И.Крылов, И.Паульсон шығармаларын қазақ тіліне тәржімалап, қазақ әдебиетінде көркем аударма жанрын қалыптастырды»* [3, 40-41].

Ақиқатында, ұстаз-ғалым Б.Алтынсариннің *«Қазақ хрестоматиясы» атты алғашқы оқу кітабы төрт тараудан тұрады. «Сөз басы» деген кіріспе бөлігінде* бұрын-соңды ұлт тілінде мұндай еңбектің болмағанын, оны дайындау-құрастыру ісінде әр қилы қиыншылықтарға кезіккенін алға тартады. Тиісті тұста: *«Жалпы бастауыш оқу құралдары, хрестоматиялар сияқты кітаптар шын білім беретін, пайдалы мәліметтер беретін ғылыми, күрделі оқу құралдарына жол салып беретіндігін, ал мұндай, жалпы білім беретін кітаптардың Азия халықтарының ешбірінде жоқ екенін еске алып, біз мұндай жетекші оқу құралдарын жақын жердегі орыс тілінен іздеуге мәжбүр болдық. Сондықтан, бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы*

деп таптық», – деп еңбектің әуелгі мақсатына, мазмұн жүйесіне, тарауларына тоқталады. Артық-кем тұстарына да мән береді. Оқу кітабының қалың көпке арналғанын, өзіндік өзгешелігінің барын әрі маңызды да құнды қырларын нақтылы сөз етеді.

Ағартушылық Нәм педагогикалық мұраттары кең орын алады [1,6-7].

Алғашқы оқу кітабының беташары – «Сөз басы» деген өлең жолдарымен ашылады. Мектеп мандайшасы мен арғы-бергі кезеңдердегі оқу құралдарынан бұрыннан таныс жыр жолдары ендігі кезекте толық әрі негізгі нұсқасы бойынша беріледі. Өлең өрімінен оқу-білім мәні, ұлт пен ұрпақ қамы, кеше мен бүгін байланысы, келелі келешек, кемел кезеңнің сыр-сипаттары кең түрде айқындалады. Оның кейбір тұстары төмендегіше өріс алады:

*Бір Құдайға сиынып,
Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!*

*Істің болар қайыры,
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді –
Қараңғыны қармалап.*

*Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге –
Ықыласпен тоқылық!
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.*

*Тілегенің алдыңнан,
Іздемей-ақ табылар.*

*Мал-дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстының байлығы,
Күннен күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.
Надандықтың белгісі,
Еш ақылға жарымас.
Жайылып жүрген айуандай,
Ақ-қараны танымас.
Аяңшыл ат арымас,
Білім деген қарымас.
Жөн білмеген наданға,
Қыдыр-ата дарымас.
Оқу деген шыны-ды,
Тұрған сайын шыныққан.
Оқу білген адамдар –
Май тамызған қылыштан.
Білмегенді білуге,
Есті бала тырысқан,
Есер бала ұрысқан.*

*Әлпештеген ата-ана,
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.*

*Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу,*

*Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу!
Оқу білген таниды,
Бір жаратқан Құдайды.
Танымаған Құдайды,
Неғылғанда ұнайды.*

*Шырағым, адам болғай деп,
Ата-анаң жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды?!*

*Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге-
Бқыласпен тоқылық!*

Ақын мұратынан, өлең табиғатынан, мазмұн жүйесінен-жас ұрпаққа қаратып айтылған оқудың мәні, бүгін мен болашақтағы маңызы айқын аңғарылады. Дүниенің тұтқасы, адам өмірінің мәні – оқу екендігі алуан мысал-деректер негізінде айқындалып, маңызы бар қырынан жарқырай көрінеді.

Осы бөліктен орын алған- «Өнер-білім бар жұрттар» деп басталатын өлеңі де оқу-білімнің маңыз-мәнін ашады. Оқу-білім Һәм өнер-адам өмірінің айнасы, қоғамның қуатты күші, дамудың даңғыл жолы екендігі кең түрде көрсетіледі. Адам мұраты, өмір мәні, оқу нәрі, еңбек күші-бар асылдан да жоғары қойылады. Игілікті іс, ізгілікті қадамдар – жасампаздыққа бастап, керісінше жамандық

Һәм надандық жолының қысқа, мәнсіз де сиықсыз сипаттары алуан дерек, кереғар көріністер негізінде ашылады. Зиянды тұстары, кері әсері, басқа да көлеңкелі көріністер алуан мысал, деректер негізінде нанымды беріледі.

Кітаптың – «Ұсақ әңгіме-ертегілер» атты алғашқы тарауында балалар өмірі, әрекет-қимылдары, көзқарас-танымы жас ерекшеліктеріне сай беріледі. Көлемі қысқа-нұсқа, қарапайым, тартымды әрі әсерлі сипаттарымен де мәнді болып табылады. Адамдық Һәм азаматтық борыш, жасампаздық мұраттар, өмірге құштарлық, еңбекке қызығушылық, үлкен-кішіге қамқорлық, өнерге сүйіспеншілік сынды белгі-ерекшеліктер де терең танылады. Осы орайда, ***«Өрмекші, құмырсақ, қарлығаш»*** – еңбек ету үлгісін, тұрмыс-тіршілік тынысын танытса, ***«Абылай хан», «Сатемір хан»*** – адам әлемін, өмір нәрін, еңбек мәнін, тұрмыс сипатын кең түрде ашады. Ел-жер, елдік пен ерлік мұраттары, татулық пен тұрақтылық мәні ашылып, бейбітшілік пен жасампаздық жолдары, азаттық пен тәуелсіздік мұраттарының кең өрісті, терең сипатты қырлары жан-жақты көрініс береді. Ал, ***«Әке мен бала», «Шеше мен бала», «Мейірімді бала»*** – жақсылық нұрын, сыйластық сырын ашса, ***«Жәнібек батыр», «Қара-батыр», «Бай мен жарлы баласы»*** – елдік пен ерлік, ақыл-парасат, қарыз-парыз, қанағат пен сабыр мәнін кең көлемде көрсетеді. Сондай-ақ, ***«Түлкі мен ешкі», «Қарға мен түлкі», «Қарға мен құрт», «Жан-жануарлардың дауласқаны»*** – ақиқат пен жалғанның, аңқаулық пен арамзалықтың, жамандық

пен жақсылықтың, қулық пен сұмдықтың ара-жігін ашып, аң-құстың белгі-ерекшеліктерін, өзіндік өзгешеліктерін әрекет-қимыл, қозғалыс түрінде нанымды көрсетеді. Мәні, сипаты айқындалады. Өзіндік қыры нанымды сипат алады.

«Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер» топтамасынан – ақыл-парасат пен иман мәні (*«Ғалым кісі»*), ар-намыс, кінә мен күнә сыры ашылады (*«Лұқпан әкім»*). Ізденіс пен ізгілік, өмір, еңбек мәні, дүние дидары, мақсат-мұрат, тәлім-тәрбие, жақсы-жаман, дос-дұшпан көріністеріне де кең орын беріледі (*«Зеректік»*, *«Білгеннің пайдасы»*, *«Дүние қалай етсең табылады»*, *«Қыпшақ Сейітқұл»*, *«Таза бұлақ»*, *«Әдеп»*, *«Қанағат»*, *«Әділдік»*, *«Жомарт»*, т.т.).

Ал, *«Әр түрлі өлең-жырлар»* – ел-жер, бірлік-береке, өмір мәні, ақыл-парасат нұры, нақыл-өсиет сыры, ер-әйел орны, бай-кедей ара-қатынасы, қожа-молда сыр-сипаттары кең түрде, нақты үлгіде көрініс береді. Өмірдегі, тарихтағы, тұрмыс-тірліктегі орындары айқындалады. Өзіндік ерекшелік, сипаттары ашылады.

«Мақалдар» топтамасында – хан-патша сипатын, ел-жер мәнін, адам өмірі мен еңбегін, бейнет пен зейнет сырын, ай мен күн арасын, бай мен сараң, жақсы-жаман сипатын, өмір-өлім ақиқатын, жастық-достық жарасымын, дүние дидарын, қоғамдық орта көріністерін, өнер өрісін, тіл нәрін, ар-намыс пен қанағат, иман мен сабыр иірімдерін, ғалам ғажаптары мен табиғат тамашаларын көркем көрініс, дәлелді дәйек пен дерек, тіршілік тынысы негізінде нанымды,

мәнді-нәрлі, қысқа-нұсқа түрде береді. Тәлімдік қырлары көрсетіледі (мысалы, *«Ханда қырық кісінің ақылы бар»*, *«Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ»*, *«Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес»*, *«Бейнетсіз рахат жоқ»*, *«Өнерді үйрен де жирен»*, *«Талапты ерге нұр жауар»*, *«Басқа пәле тілден»*, *«Зормын десең, зорларға жолығарсың»*, *«Ұрлықтың түбі-қорлық»*, *«Сараңның көзі тоймас»*, *«Өлім тілегенге бейнет берер»*, *«Өтпес пышақ-қол кесер»*, т.с.с.).

Асылы, Б.Алтынсарин еңбектерінен: ағартушылық Іәм демократиялық бағыттағы идеялары, педагогикалық-дидактикалық мазмұн, шығармашылық-көркемдік көкжиегі кең сыншыл-сыршыл сарын мол. Б.Алтынсарин жаңашыл бағытты, батыл көзқарасты, көп қырлы, сан салалы, соны сипатты танымал тұлға. Бастысы, елдік мүддесі, ұлтқа қызметі айқын. Оған қоса: *«...білімпаздығы, жақсы педагогтығы үстіне ірі ақын-жазушы еді. Ол әлгі хрестоматияларына кіргізген өлең, әңгімелердің көбін өзі жазды, ел аузындағы кейбір өлең, ертегі, аңыз, әңгімелерді жинап, өңдеді, орыс классиктерінен аударды. Ыбырай өлеңдерінде дінді, надандықты, ескі әдет-ғұрыпты, жаман салтты, жалқаулықты даттады; мәдениетті, өнер-білімді, адамгершілікті, кісілік, жақсы мінез-құлықты дәріптеді, халықты соған үндеді.*

...Ыбырайдың хрестоматияларында басылған, өзі жазған, орыс тілінен аударған, халық арасынан жинаған өлең, әңгіме, мысал, ертегілерінен басқа қазақ халқының өмірінен жазған бірсыпыра ғылыми,

саяси мақалалары, жолдастарына жазған толып жатқан хаттары бар. Ыбырай осы мақалаларында жолдастарына жазған бірсыпыра хаттарында қазақ халқының екі бірдей эксплуатацияда ауыр азап көріп келе жатқанын суреттеп, заманын-патша үкіметінің саясатын сынайды. Қазақ халқы қашан азат болып, ел қатарына қосылар екен, мәдениетті, ауқатты тұрмысқа қашан жетер екен деп арман етті» [4,159].

Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметінен өзге, қаламгерлік қырлары да назар аудартады. Ол: «...өз шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі қайшылықтарды ашып көрсетті. Өмір шындығын танытар көркем проза жасады. Қазақ балалар әдебиетінің негізін салды. Өзінің шығармалары арқылы әдебиетті жанр, түр жағынан да, мазмұн-идея жағынан да ілгері бастырды. Жаңалықтың жаршысы болды.

...Ол өз шығармаларында халықтық тілдің негізгі сөздік қорын шебер пайдалана білді. Әдеби тіл ұстанымын қатаң сақтады. Оқушылардың ұғымына жеңіл, әсерлі, қарапайым тілмен идеяны айқын беруі, тақырыпты таңдай білуі, оқиганы түйіндеп, ойлы сөздермен баяндап отыруы жазушы стилінің негізгі ерекшелігі деп айтуымыз керек.

Ыбырай халықтық мақал, мәтел, нақыл сөздерді, аңыз-әңгімелерді шебер пайдаланды. Өмір шындығын халықтық стильде жазды» [5,865].

Ы.Алтынсарин мұрасын ел мүддесінен, ұлт руханиятынан тыс қарау мүмкін емес. Бастысы: «Ыбырай Алтынсариннің халық ағарту ісімен

тікелей шұғылдануы, мектептер ұйымдастыруы, орыс алфавиті негізінде алғашқы оқу құралдарын шығаруы, қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет үлгілерін, өз шығармаларын оқу, тәрбие ісіне пайдалану, орыс әдебиетінің кейбір туындыларын қазақтіліне аудару, т.б. игі жұмыстар, ағартушылық бағыттағы шетел әдебиетімен таныс болу, керегіне қарай пайдалану қажеттігін де туғызды» [6,431].

Негізінен, Ы.Алтынсариннің педагогтік қызметі мен ағартушылық идеялары-ұлттық білім-ғылым ісінде, атап айтқанда Ә.Сыдықов, Т.Тәжібаев еңбектерінде кең көлемде қарастырылды. Бұдан өзге, қоғамдық һәм әлеуметтік көзқарастары – М.Ақынжанов, Қ.Бейсембиев, Б.Сүлейменов ізденістері мен зерттеулеріне негіз етілді.Әдеби-ғылыми һәм шығармашылық арнасы- М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Дербісәлин, Ә.Қоңыратбаев, М.Қаратаев, Қ.Жұмалиев, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Сәтбаева, т.б. еңбектерінен кең түрде орын алды.

Негізінен, Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» атты алғашқы оқу құралы сол тұстағы талап-тілектер тұрғысынан қажетті кітап болса, бүгінгі күн биігінен қарасақ: тақырыптық ерекшелігі мен жанрлық жүйесі айқын, көркемдік кеңістігі кең болғандықтан, маңыздылығы мен өзектілігін жоғалтпаған әрі тәлімдік мәні мол, тағылымдық сипаты жоғары елеулі еңбектер қатарына жататыны анық. Әрі бүгінгі білім-ғылым жүйесіндегі заманәуи үрдістермен, адамзаттық құндылықтармен де табиғи үндесетіні анық. Бастысы: оқу-ағарту ісі, ұлт пен ұрпақ қамы, мұғалім

мәртебесі, тәлім-тәрбие мәселесі-бүгін де аса мәнді, өзектілігі де жоғары. А.Байтұрсыновша айтсақ: «*Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалім керек...*». Ақын Мағжан ұстанымын былай білдіреді: «*Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдікі*». Ы.Алтынсарин мұраты мен тағылымы да – осы.

Әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы.- Алматы: Білім, 2003. - 112 бет.
2. «Шолпан» журналы, 1923, № 6-8. - 359-373 беттер.
3. Қазақ әдебиеті.Энциклопедиялық анықтамалық.-Алматы: Аруна, 2005. –576 бет.
4. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. - Алматы: Жазушы,1986. –400 бет.
5. СүйіншәлиевХ. Қазақ әдебиетінің тарихы.- Алматы: Санат, 1997.–928 бет.
6. Сәтбаева Ш. Уақыт шуағы. - Алматы: Ғылым, 2000. – 656 бет.



Тіл құдыреті

Б. Т. МУРЫНБАЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы
орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Қызылорда қаласы

КӨРКЕМ СӨЗДІҢ ҚУАТЫ **АБАЙДЫҢ ӘБІШ ТУРАЛЫ** **ӨЛЕҢІНДЕ**

Әдебиеттің ең бірінші құралы – тіл. Көркем әдебиет пен ғылыми әдебиет бар.

Жазушы оқиғаны суреттеп көрсетеді.Адамдардың әрекеттерін, жан дүниесінің толқындарын, сезімдерін көркем тілмен бейнелеп, олардың жанды тұлғаларын жасайды. Бейнеленген өмір суреті көркем образ деп аталады.

Адамдардың ісін, оқиғаларын нақты фактіге сүйеніп баяндайды.

Көркем әдебиет – өнердің бір саласы. Музыка, сурет, мүсін өнері, сөз өнері, сәулет өнері – өнердің тармақтары.

Музыка адам жанының нәзік сырларын сазды күй, дыбыс арқылы бейнелейді.

Сурет адам өмірін және табиғатты неше алуан бояулармен өрнектеп көрсетеді.

Мүсінші адамдардың бейнелерін, түр-тұлғасын саздан қалап, тастан қашап, металдан құйып,ағаштан немесе басқа материалдардан ойып жасайды.

Әдебиет сабағын өткенде, осы негізгі қағидалар

басшылыққа алынып, оқушыларға ауызша және оқулық арқылы түсіндіріліп отырылады. Оқушыларға тапсырма мен сұрақтардан бастап түсіндіреміз.

Әбіштің бейнесі – «*Жасқа жас, ойға кәрі едің*» деген бейнелі сөздің мағынасы.

Үш өлеңнің өлең түрі (ұйқас, шумақ) жағынан айырмашылығы.

Екінші өлеңнің әр жолының орналасу реті мен ұйқас ерешеліктері.

Бірінші өлеңде Әбіштің жүрегі жылы, мейірімді, кісіге қолынан келген көмегін аямайтын, адамға істеген жақсылығын міндет етпейтін, өнер мен ғылымға зерек те зейінді, адал еңбегіне жүгінген, жүрегі таза, зиялы жан екенін бейнелейді. Өлең 14 тармақтан тұрады. Буын саны 7-8 буынды, бунағы екеу. Жыр өлшемімен жазылған. Ұйқасы кезекті ұйқасқа құрылған. Сөздердің мағынасын ауыстырып айту, бейнелеу тұтас тармақтарда жиі қолданылған. Ер Әбіш, жүрегі жылы, бойы құрыш – эпитеттер.

Екінші өлеңде Әбіш образы жақсы қасиеттері арқылы қамтылған. Жұрнақсыз теңеулер-метафоралар көп ұшырасады. ***Ұят, ар едің, нар едің сөздері бейнелеуге құрылған. Бұны бейнелеуіш сөздер деп атаймыз.*** Өлеңнің шумағы 10 тармақтан тұрады. Буын саны 7-8 буынды, ұйқасы өте қызық. Тақ тармақтары мен жұп тармақтары шалыс ұйқасқа құрылған. Өлең ішкі ұйқасымен бірге тұтас ұйқасқа шумақ бойынша ұйқастырылған.

Бұл Абай өлеңі құрылысындағы жаңалық Абайға дейінгі өлеңдерде кездеспеген.

«Жасқа жас, ойға кәрі едің» деген бейнелі сөзі метонимия – ***алмастыру*** мағынасында берілген. ***Тура мағынасында*** «Жасың жас болғанымен, білімің терең, құйма құлақ, көпті көрген көнедей ақылды едің» дегенді білдіреді.

Әбіш туралы үшінші өлең алғашқы өлеңдердің жалғасы. Өлеңнің байланысы мазмұны жағынан бірінші және екінші өлеңнің қорытындысы сияқты.

Әбіш образы, оның өмірінің бүкіл тіршілік-тынысы толық беріледі.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында мынадай эпизод бар.

Абай баласы Әбіштен “ақ пен қараның қайсысы асыл?” деп сұрайды.

Абай:

1. Көздің қарасы.

2. Қағазға жазған қара сия.

3. Шаштың жас күнгі қарасы.

4. Тіршілік қара жерде.

5. Түннің тыныштық, рахат беру қасиетін айтып дәлелдейді.

Әбіш:

1. Ақыл мида, ми ақ емес пе?

2. Ақыл-нұр, жарық -зат, ол да аққа ұқсамай ма?

3. Жан иесі жарыққа ынтық, қараңғыдан жарыққа ұмтылмай ма?

4. Күннің, айдың, шамның жарығы болмаса, өмір де, тіршілік те жоқ емес пе?

5. *Қанас, қараңғылық асыл болса, жарықты көру үшін көздің керегі не? – деп дәлелдейді.*

Әбіш әкесі Абайды сөзден ұтып, ойлы нақты дәлелмен тоқтатады.

Абайдың «*Әбіш туралы*» өлеңіндегі Әбіш бейнесін шыншылдықпен көрсетуі Әбіштің тірлігіндегі басынан өткен жақсы азаматтың халін нанымды бейнелейді.

Бейнелі сөздер туралы айтқанда эпитет ер Әбіш, жүрегі жылы, бойы құрыш, ақ көңіл, тас қия сияқты сөздер қандай? деген сұраққа жауап беріп, жұрнақсыз анықтауыш болатынын хабардар ету дұрыс.

Метафора “*кім ар еді? кім нар еді?*” деген сұрауға жауап береді. “*Әбіш ар еді, Әбіш нар еді*” деген ауыспалы мағына беретінін айта кетеміз. Метафора жұрнақсыз теңеу арқылы жасалады. Егер ардай, нардай десек, ***бұл теңеу болар еді.***

Метанимия туралы да оқушы ұғымын қалыптастырсақ, артық болмайды.

«Жасқа жас, ойға кәрі едің» деген жас баланың ішінде көргені мен тоқығаны көп, білімді едің дегенді білдірсе, *«Талаптың мініп тұлпарын, тас қияға өрледің»* дегенде, оқу оқып, үлкен талаппен топтан оздың деген мағынаны білдіреді. ***Мұндай сөзді тура айтпай өзгертіп, бейнелеп айтуды метонимия немесе алмастырып айту дейді.***

Сөздердің тура мағынасында қолданбай ауыстырып қолдану Абайдың ақындық шеберлігін танытады.

Өлеңнің өлшеміне буын, өлеңнің құрылысы жатады. (Өлең түрі жағынан терме өлеңге жатады.) Қара сөз бен өлең айырмашылығын салыстырып айтамыз.

Соңғы өлеңнің ұйқасы шалыс ұйқасқа құрылған. Бірінші тармақ үшінші тармақпен, екінші тармақ төртінші тармақпен, яғни тағы мен тағы, жұбы мен жұбы ұйқасқан. Жыр өлшемімен жазылған. Буыны 7-8 буынды, екі бунақты өлең. Ұйқасы толымды болып келеді. Ұйқас дыбыстардың соңғы дауыстыға да, дауыссызға да бітіп отырады.

Бірінші өлеңде тақ тармағы дауыссыз дыбысқа, жұп тармағының соңғы ұйқас дыбысы дауысты дыбысқа біткенін айтамыз.

Ұйқасқа түсінік береміз.

Ұйқас – өлеңнің соңғы бунағының соңғы сөз дыбыстарының бірдей болып жазылуы, бірдей болып құлаққа естілуі.

Анықтама осылайша бала ұғымына сай жеңіл берілуі керек.

Мазмұны жағынан «*Әбіш туралы*» ұлы ақынның өлеңі Әбіштің портреттік бейнесін беруге арналғандықтан, Абай лирикаларының ішінде портреттік лирикаға жатқызуға болады. Жанамалап сипаттуға құрылғанын айтамыз. Бұл кейіпкер образын ашуға көмектеседі.

Ә.Қоңыратбаевтың «*Өлең – ауыз әдебиетіне тән форма. Жазба әдебиетте оны лирика деп атаған жөн*» деген пікірін ескере отырып, Шоқанның қазақ өлеңдерін жыр, жоқтау, қара өлең,

қайым өлең, өлең деп беске бөлгенін де ескереміз.

Мұнан әрі Абай өлеңдерін өткен кезде осы ұғымдарды тереңдете береміз.

Оқушы білімін дағдыға айналатындай етіп бекітіп, өлеңді түсініп, талдауға оқушыны бағыттаймыз.

Өлең құрылысын, өлең табиғатын оқушыға ұғындырып үйреткенде, Абайдың «Әдебиеттік оқу кітабында» берілген материалдарға бөлінген сағат саны көбірек болуы тиіс. Абай өлеңдері арқылы кез келген өлеңдердің құрылысын, өлшемін, тармағын, буын, бунағын, ұйқасын, шумағын, өлеңнің түрлерін, тілін және бейнелеуіш сөздерін таптырып үйрету қажет. Сағат санының мол бөлінуі Абай өлеңдерінің ішкі мазмұны мен құрылысын талдауға мүмкіндік туғызады.

Талдау оқушыны тікелей оқу құралында берілген өлеңдерді өздері талдауға, қажетті элементтерін табуға жас шамасына, үлгірім қабілетіне қарай жеке-жеке жұмыс істеуге қатыстыратындай етіп жүргізіледі.

Әуелі өлең тегіс сыныпта оқудан өткізіліп, материалдың аяғындағы тапсырмаларға жауап беріледі.

Әрбір оқушының өз түсінігі, ұғымы, ойы дұрыс болса да, тіпті қате болса да, айтылатын жағдай туғызамыз. Мақсаты – оқушыны сөйлету, пікірін жасқанбай айта білуге үйрету. Қате пікірлерін түзетіп отырамыз.

Мұнан әрі өлеңді мазмұндатып, қара сөз күйінде сөйлем жаздырып, оқушылардың жазған

сөйлемдерін өздеріне оқытамыз. Сөйлемдердің бірі ұзақтау, бірі қысқа құрылатыны белгілі. Бұл оқушының сөздік қорының аз-көптігіне байланысты туатыны және ойының дәлдігі әдебиетке қаншама ықыласы мен қызығушылығының жемісі екені көрінеді.

Осыдан кейін өлеңнің әр жолын (тармағын) буындаймыз. Буын санының бірдей екендігіне көз жеткіземіз. Тармақтарды кідіріс жасап, кідіріс (пауза) жасатып оқытып, бунағын таптырамыз.

Бунақ өлең тармағындағы буын сандарының аз-көптігіне байланысты туындайтынын оқулық арқылы анықтаймыз. Өлеңнің буын санын, бунақ санын, тармағын таптыртып, өздеріне кітап арқылы естерінде қалатындай етіп, қайталатып, пысықтатып игертеміз. Оқушы мұны кез келген өлеңнің буын, бунағын, тармағын таба алатынына өздерінің сенімін нығайта отырып қолданады. Және белгілі бір тұжырымдалған ойды, аяқталған толық пікірді беретін не білдіретін өлеңнің жолдарын шумақ деп атайтынын біледі.

Өлеңнің шумағы екі жолдан да, төрт жолдан да тұруы не одан да көп жолдардан тұруы мүмкін екенін естеріне салып, өлеңнің шумақтарын талдау арқылы білдіреміз.

«Әбіш туралы» өлеңін осылайша түсіндіріп, біршама мағлұматтар береміз.

Мұның өзі оқушының өлең туралы ұғымын тереңдетіп, өзбеттерімен ізденуге қызығушылығын туғызады. Оқушыларға бастапқы әдеби теориялық ұғым беруге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. Байтұрсынов шығармалары, зерттеулері, өлеңдері, аудармалары «Әдебиет танытқыш» Алматы «Жазушы» баспасы 1989 жыл.
2. Қ.Ж. Жұмалиев «Әдебиет теориясы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1969 жыл.
3. Ә. Қоңыратбаев «Әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы Алматы 1966 жыл
4. Ә. Қоңыратбаев «4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» «Мектеп» баспасы, Алматы 1987.
5. М. Әуезов «Әдебиет тарихы» Алматы «Ана тілі» 1991 жыл.
6. Б.Сманов «Кейіпкер бейнесін талдау» «Рауан» Алматы 1990 жыл.
7. Қ.Ж.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» «Қазақстан мен көркем әдебиет» баспасы Алматы 1960 жыл.
8. М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 4 том Алматы «Жеті жарғы» 1997 жыл.



Ұстаз ұсынысы

М. Д. АКАТАЕВА,
КММ "Уварово орта мектебі".
ШҚО,
Глубоков ауданы,
Уварово ауылы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА ЖЕТІ МОДУЛЬ ИДЕЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз»,
– дейді тұңғыш елбасымыз Н.Назарбаев. Бұл бағытта тіл мамандары еңбегінің маңызы зор, өйткені оқушыларға сапалы білім беру ұстаздарға байланысты екені барлығымызға да аян. Сол себепті, кез келген мұғалімнің алдында бірталай сұрақ туындайды, солардың ең бастысы: *сабақты қалай тиімді және қызықты етіп өткізуге болады? Өзге ұлт өкілдері күнделікті тұрмыста қазақша еркін сөйлеуді меңгеру үшін не істеу керек?* Бұл мәселе мені де ерекше толғандырады. Оны шешудің жолы – оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану.

Менің ойымша, солардың ең тиімдісі – оқу үрдісіне жеті модуль идеясын енгізу болып табылады. 2015 жылы осы бағытта курстан өттім. Сондықтан мынадай проблемалық тақырып бойынша жұмыс істеуді жөн көрдім: *«Диалогтік оқытуды қолдану арқылы қазақ*

тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін дамыту». Оқушыларға топта бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, жаңа әдіс-тәсілдер арқылы білім алу өте қызықты. Осындай жағдайда олардың тілдік құзіреттіліктері дами бастайтынын байқадым. Сондықтан білім алуда оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қажетті жағдай жасау өте маңызды. Оқушы өзі ізденуші, бір-біріне үйретуші, ал мен мұғалім ретінде бағыт беруші, нұсқаушы рөлін атқарамын. Өйткені топқа бөліп оқытқанда, әр оқушы өзін жеке маңызды тұлға ретінде сезінеді және өз үлесін қосуға талпынады.

Әр сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – заман талабы. Электрондық оқулықтар, компьютер, лингафондық, мультимедиялық кабинет, интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдаланамын, өйткені аталған құралдар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түседі, ал соның нәтижесінде білім сапасы да жақсарады.

7 модульдің бір сатысы **«Талантты және дарынды балаларды оқыту».** Дарынды балаларды ерте анықтау, олардың бойындағы ерекше қабілетін жылдан жылға жетілдіру – менің ең басты міндетім деп есептеймін. Бала қаншалықты дарынды болса да, оны оқыту қажеттігін есте сақтау керек. Ол үшін жан-жақты жағдай жасап, баланы шыдамдылыққа, еңбек етуге, өздігінше шешім қабылдауға баулимын. Оқушының бойындағы талантын сабақ барысында қосымша тапсырмалар беріп, сыныптан тыс шараларға, қазақ тілі үйірмесіне қатыстырып,

сонымен қатар қосымша жұмыс жасап жетістікке жетелеймін. Бұл бағытта сабақты жоспарлаған кезде үнемі деңгейлі дифференциациялап оқытуды және оқушылардың жас ерекшеліктерін еске алу жөн. **Дифференциациялап оқыту** – бұл әр оқушының қабілетін, бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып жеке басын дамытуды қамтамасыз ететін білім берудің жүйесі. Сондықтан оқытуда оқушылардың барлық ерекшеліктерін ескеру қажет. Осыған байланысты оқушыларға Блум таксономиясы бойынша талдау, синтездеу және бағалауға сай келетін тапсырмаларды дайындау қажет. Ал мұндай тапсырмалар, әрине, оқушының сыни тұрғыдан ойлауын талап етеді. Оның мағынасы «ойлау туралы ойлану» деп сипатталады және оқушыны кез келген мәселені талдай білуге, одан қорытынды шығаруға, өз пікірін дәлелдей білуге баулиды. Ол үшін оқушылардың сөздік қоры мол болу керек. Өйткені сабақ барысында балалар сыныптастарымен, мұғаліммен еркін сөйлесіп, бір-бірінің ойын тындап, шешім қабылдап, оны басқалардың алдында қорғайды, осылайша диалогтік оқыту жүзеге асырылады. **«ПОПС» формуласы, «Синквейн», Венн диаграммасы, «5 сұрақ, 5 жауап», «Хикая картасы» стратегиялары, мақал-мәтел, қысқа өлең жолдары** бойынша өз пікірлерін білдіру арқылы оқушылар сыни тұрғыдан ойлануға дағдыланады. Ал, әртүрлі тақырыптарға эссе жазу – тіл байлығының, ойлау қабілетінің және сауаттылықтың көрсеткіші. Жеті модуль идеясының ең бір тиімді жағы – дәстүрлі 5-баллды бағаны қоймай-ақ, кері байланыс

арқылы қалыптастырушы бағалау жүргізіп, оқу үрдісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Оқушының төрт тілдік дағдысы жетілдіріледі. Ол – тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым. Менің ойымша, аталған жеті модульдің әрқайсысы дарынды балалардың қабілеттерін дамытуға өте қолайлы және нәтижелі болып табылады.

Менің шәкірттерім аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалардың жүлдегерлері және жеңімпаздары. Олар: Бенгард А. және Коровина Ю. 2014, 2015, 2016 жылдары Бенгард А. аудандық олимпиадада қазақ тілінен 1 орын алып, облыстық кезеңде 2016 жылы 3 орынды иеленді.

2014 жылы аудандық «Тіл – татулық тірегі» атты байқауға қатысып, гран-при жеңіп алды.

Коровина Ю. 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдары аудандық және облыстық олимпиадаларда қазақ тілінен 1 орынды иеленді. Ал республикалық кезеңдерде екі жыл бойы 3 орынды жеңіп алды (2017 жылы – Ақтауда, 2018 жылы – Қостанайда).

2017 жылы Ресей экономикалық университеті өткізген «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы» Заңының 20-жылдығына арналған халықаралық лингвистикалық олимпиадада 3 орын алды.

Осы жеңістерге жету үшін шәкірттерімнің ұмтылысы, еңбекқорлығы өте маңызды болды. Олардың маған деген сенімі үнемі ізденіс үстінде болу міндетін жүктейді. Менің ана тілімді өз тілдеріндей құрметтеп, сүйіспеншілік білдіргендері мен үшін үлкен мақтаныш. «Ұстаздан шәкірт озар»

деп, бекер айтпаған. Оқушыларым болашақта әлі талай шыңдарды бағындырады, деп сенемін. Ал сенім әрқашан адамды алға ұмтылуға, арманына жету үшін күресуге күш беретін ұлы сезім. Сондықтан өзімнің шәкірттерімнің маған ұстаз ретінде сенімдерін ақтауға үнемі дайынмын. Ол үшін мен үнемі ізденіс үстінде болуға, инновациялық технологияларды игеруге және жұмыс барысында тәжірибеме енгізуге тырысамын. Ал қазіргі кезде жеті модуль идеясын білім беру мазмұнын жаңарту аясында қолдану ең тиімдісі деген пікірдемін.



АСПАН ӘЛЕМІ

(5-сынып)

Сабақта іске асатын мақсаты:	ТЗ. Жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну; ТБ2. Сын есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда қолдану; Об. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана алады.
Сабақтың мақсаты:	Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): <i>тақырып аясында сөздерді игереді, сын есімдерді ажыратады;</i> Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): <i>тақырып аясында игерген сөздерді және сын есімдерді қолдана алады;</i> Оқушының жоғарғы жетістігі (ОЖЖ): <i>тақырып аясында игерген тілдік бірліктерді қолдана отырып, өз ойларын білдіре алады, дәлелдей алады .</i>
Негізгі түсініктер:	<i>Аспан әлемі, жұлдыз, құпия, қозғалыс, бақылау, аспан денесі, шексіз, көлденең жатқан, шашырап төгілген, ақшыл жолақ.</i>

С а б а қ т а қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, бейнетаспа, слайдтар, А4 парағы, маркерлер, плакат, тақырыпқа қатысты суреттер, смайликтер.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Астрономия
Алдыңғы білім:	Аспан әлемі.
Тапсырмалар:	
Сабақ барысы:	

Жоспарланған кезеңдер:	Жоспарланған іс-әрекеттер	Дереккөздер Қосымша
О қ у ш ы л а р ғ а психологиялық ахуал туғызу	<i>1, 2, 3</i> <i>Сынып іші тып-тыныш.</i> <i>Ж а л қ а у л ы қ т ы тастаймыз,</i> <i>Сабақты біз бастаймыз!</i>	
Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	
І.Қызығушылықты ояту	«Құпияны тап». Берілген сөздерді атап айтады. Жасырын сөзді анықтап, тақырып не туралы екенін айтады. Өткен тақырып бойынша сөздерді қайталайды.	

Мағынаны тану	І. Сөздікпен жұмыс. Интерактивті тақтада оқушыларға мәтін бойынша сөздер беріледі, әр топ өздері сөздіктің көмегімен аударды.	Аспан әлемі <ul style="list-style-type: none"> • Жұлдыз • Құпия • Қозғалыс • А с п а н денелері • Шексіз • Көлденең жатқан • Шашырап төгілген • А қ ш ы л жолақ Ғарыш
	<i>А у д и о д а н жаңа сөздерді т ы ң д а й д ы , қайталайды.</i>	
	<i>Интерактивті тақтада берілген с ө з д е р д і ң с ә й к е с т і г і н табады.</i>	
	<i>Б р з ы қ п е н берілген сөздерді айтады. Алдымен бірінші топ, одан кейін екінші топ.</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Цыпленок- балапан • Небо-... • Жук-қоңыз • Звезда-.... • О б ь е м - көлем • Мир-.... • Вы-сіз

		Безкрайный-... <ul style="list-style-type: none"> • Звук-үн Солнце-... • Богатый-бай Луна-...
	А) . А й т ы л ы м . Оқушыларға сурет беріледі. Сол сурет бойынша әр топтан екі оқушы берілген суреттің негізінде әңгімелеседі.	– <i>Суретте не бейнеленген?</i> – <i>Түнде аспанды бақылайсың ба?</i> – <i>Қандай жұлдыздарды білесің?</i> – <i>Аспан әлемін з е р т т е й т і н ғылым қалай аталады?</i>
	Ә) . Ж а з ы л ы м . Венн диаграммасы бойынша күндізгі аспан мен түнгі аспанды салыстыртамын.	
	4.Мәтінмен жұмыс. А). Тыңдалым. О қ ы л ы м . Оқушыларға берілген мәтін ең алдымен тыңдалады, одан кейін топ болып аударды.	

	<p>Мәтін екі топқа бөлініп беріледі.</p> <p>В) . Т ы ң д а л ы м . Жазылым. Тыңдалған мәтіннің негізінде екі топ тест тапсырмасын орындайды.</p>	
	<p>1.Мәтіннің жанрын анықта:</p> <p>а). <i>әңгіме;</i> э). <i>диалог;</i> б). <i>ертегі.</i></p> <p>2.Мәтінге қай мақал сай келеді?</p> <p>а). <i>Отан – оттан да ыстық.</i> э). <i>Көп сөз-көмір, аз сөз – алтын.</i> б). <i>Көре, көре көсем боласың, сөйлей, сөйлей шешен боласың.</i></p> <p>3.Мәнінің идеясын анықта:</p> <p>а). <i>адалдық;</i> э). <i>қызығушылық;</i> б). <i>достық.</i></p> <p>4.Кім аспан әлемін зерттейді?</p> <p>а). <i>Ғалым;</i> э). <i>Ғарышкер;</i> б). <i>Астраном.</i></p>	

	<p>5.Қай сөз аспан әлемін сипаттайды?</p> <p>а). <i>шексіз;</i> э). <i>ірі;</i> б). <i>ұсақ.</i></p>	
	<p>Ә). Деңгейлік тапсырма. Екі топ мәтіндегі негзгі ойды анықтайды. Әр топтан бір оқушыға мазмұндау беріледі.</p> <p>Оқиға картасы. Берілген суреттердің көмегімен оқиға картасын жасайды.</p> <p>Б). Жазылым. «Сөздерді сөйлет» ойыны. Бірінші топқа күшейткіш үстеу, екінші топқа сан есім беріледі. Жазылым. Анықтамасын айтады. Мысалы, Ең күшті қызған жұлдыздар жарық шашады. Жұлдыздар аса кішкентай болып көрінеді. Жұлдыздар жерден тым алыс орналасқан. Біз түнде 6 мыңдай жұлдыздарды көреміз. Көзге көрінбейтін 200 миллиардтай жұлдыздар бар.</p>	

	<p>Сергіту сәті</p> <p><i>Біздер тату баламыз, Шеңбер құрып аламыз, Жаттығулар жасасақ, Жақсы сергіп қаламыз.</i></p> <p><i>Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз, Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір.</i></p>	
	<p>5. Мәтін соңы жұмыс.</p> <p>А).Тыңдалым. Екі топ жұмбақты шеше отырып, ғарыштың суретін салады.</p>	
	<p>ҚБ. Тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, ондағы тірек сөздерді берілген жұлдызшаның шетіне, ал ортасына мәтінге ат қойып жазыңыз.</p> <p><i>Жұлдыздар жерден өте көп қашықтықта орналасқан. Жай көзбен қарағанда, аспан әлемінде 3 мыңға тарта жұлдыз көрінеді. Ал қазіргі заманда ең жаңа құралдармен есепке алынғандарының саны бірнеше миллион. Ғалымдардың болжауынша, жұлдыздардың жалпы саны әлденеше миллиардтан асып кетеді.</i></p>	

	<p>Жерге ең жақын жұлдыз – Күн. Оның төңірегінде ірі аспан денелері, планеталар, айналып жүреді.</p> <p>Ғаламшарлар – өзінен жарық шығармайтын салқын денелер.</p> <p>Жердің серігі – Ай. Дегенмен, олар да жұлдыз сияқты жылтырап көрінеді. Күн және оны айналып жүретін планеталар мен оның серіктері күн жүйесін құрайды. Ғарыш кеңістігінде шек жоқ. Оның кеңдігі соншалық – аспан денелерінің бір-бірінен қашықтығын жердегі өлшеммен, айталық километрмен өлшеу мүмкін емес.</p> <p>«Күс жолы» ойыны. Қай топ қандай сөздерді меңгергендері анықталады. Жұлдыздарға білген сөздерін жазып, күс жолын жасайды.</p> <p>Формативті бағалау. «Білім ағашы» әр топтың алдында жатады. Материалды өте жақсы игергендер – қызыл алманы, орташа игергендер – сары алманы, нашар игергендер – жасыл алманы іледі. Алманы таңдап, ағашты безендіреді.</p>	
--	---	--

VI. Үйге тапсырма.		
VII. Рефлексия	«Бағдаршам» стратегиясы. Әр топ өзінің бағдаршамын жасайды. Смайликтерді түсіне қарай жабыстырады.	

Сабақта саралау тапсырмалары болды ма? Қалайша қолдау көрсете аламын? Қабілетті оқушыларды оқытуда алдыма қандай міндеттер қоямын?	Оқушылардың материалды қаншалықты игергенін қалай бағалаймын?	Денсаулық пен қауіпсіздік техникасын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия <i>Сабақ/оқыту мақсаттары шыншыл ма?</i> <i>Барлық оқушылар ойлаған мақсатыңызға жетті ме?</i> <i>Егер жоқ болса, неге?</i> <i>Сабақтағы саралау дұрыс өтті ме?</i> <i>Сабақтағы кезеңдер сақталды ма?</i> <i>Жоспардан тыс не жасалды? Неге?</i>		
Жалпы бағалау Қандай екі аспект жақсы өтті? 1: 2: Сабақты жақсартуға не себеп болатын еді? 1: 2: Сабақ барысында сыныптың жетістігі туралы не ойладым/ жеке оқушылардың қиындығы, келесі сабақтарда неге назар аудару қажет?		

М.Х. АБДРАХМАНОВА,
№ 39 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Алматы облысы,
Іле ауданы,
Боралдай кенті

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	5.Т/А4. Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау. 5.Т/А5. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру.
Сабақтың мақсаты	Барлығы: Сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіріп, сұраққа жауап береді. Көпшілігі: Мәтіннің құрылымын түсіне отырып, жетекші сұрақтар арқылы т а л қ ы л а й д ы , т е р м и н сөздердің мағынасын меңгереді. Кейбірі: Алған білімдерін өмірмен байланыстыра алады, сыни тұрғыда ойланады.
Жетістік критерийі	Жол-көлік оқиғаларын біледі, түсінеді;

	Себеп-салдарын аша біледі; Өз ойын еркін айта алады;
Т і л д і к мақсаттар	Оқылым: мәтінмен жұмыс жасалып, түсінік қалыптасады. Жазылым: оқушылардың есте сақтау қабілеті дамиды. Айтылым: тірек сызбамен жұмыс арқылы оқушылардың танымдық қасиеттері артады. Тындалым: топтық жұмыс арқылы пікір алмасады және еркін сөйлеуіне жағдай туғызады.
Құндылықтарға баулу	Сыни тұрғыдан ойлау, өзара қарым-қатынас, өмірге көзқарасы артады, мейірімділік, проблемалы жауапкершілік.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Сурет, әдебиет, психология, ән.
Алдыңғы білім	Жол ережесі, автокөліктер, көлік түрлері жайлы түсініктері бар.
САБАҚ БАРЫСЫ	

Сабақтың кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 1 мин.	Ұйымдастыру Психологиялық ахуал <i>Бәріміз біріміз үшін, Біріміз бәріміз үшін.</i>	АКТ АКТ «Акро- ном» әдісі.
1 мин.	Топқа бөлу <i>*жол сақшылары; *жас тілшілер;</i>	

2 мин.	<i>*жас өнерпаздар; *жас дарындылар.</i> Қызығушылықты ояту Суреттер «Акроном» әдісі. ЖОЛ «Зейінді шоғырландыру» әдісі	ЖЖ «Зейінді шоғырландыру» әдісі
3 мин.	Жіңішке тест 1. Жол белгілері неше топқа бөлінеді?(7) 2. ҚР жолда жүру ережесі қашан қабылданған? (1931) 3. Жол белгілері қандай тіл деп аталады? (X/a) 4. Ең алғашқы автокөлік қалай аталды? (форд-Т) 5. Көлік түрлері (ұшақ, кеме, машина, жылқы, түйе)	
Сабақтың ортасы 5 мин.	Ой қозғау Т: Жол-көлік оқиғалары	
3 мин.	<i>Жол-көлік оқиғалары – көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға.</i>	

2 мин.	<p>Жол-көлік оқиғаларының пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әр елде, аймақта, қалада жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі. Оны елдің Ішкі істер министрлігі мекемелері, автомобиль жолдарын мемлекеттік басқару органдары, даралық және жеке меншік жолдарының иелері жол-көлік оқиғаларын есепке алу ережелеріне сәйкес жүргізеді. Медицина мекемелері меншік нысанына қарамастан жол-көлік оқиғаларында қаза тапқан немесе жарақаттанған адамдардың есебін жүргізеді. Жол-көлік оқиғаларының мемлекет статистика есептемесіне адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған жол-көлік оқиғалары ғана енгізіледі. Қазақстан Республикасының “Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы” Заңына сәйкес жол-көлік оқиғалары туралы мәліметтерді жариялауға рұқсат етіледі және олар мүдделі заңды тұлғалар мен азаматтарға белгіленген тәртіппен беріледі.</p>
15 мин.	<p>«Түртiп алу» стратегиясы: 1.Тiрек сөздердi жазыңдар. 2. Негiзгi ойды табыңдар. Сергiту сәтi «Аққала» биi Мағынаны тану. Топтық жұмыс.</p>

	<p>3 топ. Ментальді карта құру (себептері, салдары). 2 топ. «5 жолдық өлең» стратегиясы. 1 топ. Рафт әдісі (сахналық көрініс). 4 топ. «Еркін микрофон».</p>	<p>Ви-д е о «Бас бармақ» әдісі</p>																					
<p>Сабақтың соңы 2 мин. 3 мин. 3 мин. 3 мин. 3 мин.</p>	<p>Қорытынды. «Айтарым бар...» 1. Сен шетелге барсаң, қорықпай көлік айдар ма едің? 2. Ең қауіпсіз көлікті ата. 3. Ауылдық жерлерде бағдаршам жоқ, бірақ күре жол бар... 4. Құрбыларыңа жол ережелері жайлы не айтар едің?</p> <p style="text-align: center;">Бағалау парақшасы</p> <table border="1" data-bbox="1176 677 1760 843"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>Ак-ро-ном</th> <th>Зейінді шоғырландыру</th> <th>Түртiп алу</th> <th>Айта ры м бар</th> <th>Мағынаны таны</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Бағалау шкаласы 1-5*3 6-9*4 10*5 Кері байланыс. «Бес саусақ» әдісі Рефлексия «Ақпараттар легі...» <i>Өзіме ризамын – қызыл;</i> <i>азырақ қиналдым – көк;</i> <i>түк түсінбедім – сары.</i> Үйге: 11-тапсырма, 128 бет. Тексерілді.</p>	Оқушының аты-жөні	Ак-ро-ном	Зейінді шоғырландыру	Түртiп алу	Айта ры м бар	Мағынаны таны	Балл															<p>«Бес саусақ» «Ақпараттар легі...»</p>
Оқушының аты-жөні	Ак-ро-ном	Зейінді шоғырландыру	Түртiп алу	Айта ры м бар	Мағынаны таны	Балл																	

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ұ. С.БЕРДЕШОВА,
«Қ.Жазықов атындағы орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Кемерши ауылы

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ
“ҒЫЛЫМ ТАПШАЙ МАҚТАНБА”**


<p>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:</p>	<p>6.1.1.1 – әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау; 6.1.2.1 – әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.1.3.1 – әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау.</p>
<p>Сабақ мақсаты:</p>	<p>Оқушылардың барлығы Абай өлеңдерін барынша терең меңгерту, жатқа айту, өлеңді талдау машығын жетілдіру, теориялық ұғымдарды меңгерту. Оқушылардың көпшілігі Шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Оқушылардың кейбірі Эстетикалық, экологиялық тәрбие беру, ғылым мен білімге, өнерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру арқылы Абай ұлылығын терең сезінеді.</p>

<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>Өңгіменің мазмұнымен танысады. «Атымтай жомарт» мәтінінің мазмұнын біліп, түсінеді. Мәтін мазмұнын талдап, тірек сөздерге мәтін құрайды. Мәтін мазмұнындағы кейіпкердің еңбекқорлық қасиетіне баға береді.</p>
<p>Құндылықтарды игерту:</p>	<p><i>Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тыңдауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша орындауда, бір-біріне қолдау көрсетуінде көрініс табады. Патриотизм мен азаматтық жауапкершілік уақытты пайдамен өткізу қажеттігін түсіну арқылы жүзеге асырылады. Өмір бойы оқу қағидасы ақпаратты өздігінен табу, сабақ мақсатын білуде, кері байланыс беруде, рефлексия жасауда, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады. Ашықтық оқушыларға ақпаратты алуында бірдей мүмкіндіктер беруде, сабақ мақсатын бірге құрастыруда, бағалау мен кері байланыс беруде, бірнеше көзқарастың</i></p>

	<i>бар екенін түсінуде орын алады. Еңбексүйгіштік жұмыс орынын таза сақтауда, оқушылардың белсенді жұмысында, ал шығармашылық жаңа идеяларды ұсынуда көрініс табады.</i>
Пән аралық байланыс:	Философия
АКТ - ны қолданудағылары:	PowerPoint таныстырылымы, аудио мәтін.
Дискриптор	<ul style="list-style-type: none"> • I деңгей Болжамы мен тыңдаған үзіндідегі ақпарат 1 рет сәйкес келді. • II деңгей Болжамы мен тыңдаған үзіндідегі ақпарат 2 рет сәйкес келді. • III деңгей Болжамы мен тыңдаған үзіндідегі ақпарат 3 рет сәйкес келді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: Абайдың өлеңдерін қолданылу ережесін дағдыға айналдырады.
	Пән лексикасы және терминология: Уақыт тақырыбына қатысты жаңа сөздер мен терминология.
	Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: Менің болжауым бойынша келесі үзіндіде баяндалады.

	Менің пайымым бойынша келесі үзіндіде баяндалады.	
Осыған дейін меңгерілген білім	“Абай Құнанбаев” – тараудың алғашқы сабағы	
Жоспар		
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дерек-көздер
С а б а қ 5 мин.	Қызығушылықты ояту үшін миға шабуыл. Сәлемдесу, түгендеу. Оқушылардың құрал-жабдығын тексеру, назарын сабаққа аудару. «Ақ тілек» (тренинг). Шардың ішіне түрлі тақырыпқа байланысты тілектер жазылады. Қатысушы оқушылар өзіне ұнаған шарды таңдап алып, оны жарады. Шар ішіндегі тілекті оқиды. Қорытынды: Тренинг соңында әр қатысушы өз ойын білдіреді. Осы өз ойларын жеткізуде қатысушылардың сол сәттегі көңіл-күйін танып, алдағы сабаққа қалыпты жай қалыптастырылады.	

«Мозаика» әдісі арқылы сыныпты 4 топқа бөлу. (Топқа бөлу үшін түрлі түсті суреттерді пайдалану. Әрбір топ ұқсас бөліктерді ретке келтіру арқылы топтасады). /2 мин./



Оқушылармен бірлесе отырып табыс критерийін құру.

Жетістік критерийлерін болжайды;

Жетістік критерийлерімен танысады.

Үй жұмысы: «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін жаттауға берілген. Сонымен бірге, Абай жайлы білгендерін еске түсіру мақсатында зымыран сұрақтар беремін. Оқушылар жылдам айтып отырады.

Сұрақтар:

1. Абай Құнанбаев кім? -.....
(ақын, ойшыл, ғұлама, философ)

2. Қай жерде дүниеге келген?..... (Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстаудың баурайында.)

3. Туған жылы?.....(1845 жылы.)

4. Алғаш қалай хат таныған?..... (ауыл молдасынан.)

5. Абай оқыған Семейдегі медресе?.....(Семейдегі Ахмет Риза.)

6. Абайдың шын есімі?..... (Ибраһим.)

7. Абайдың арғы атасы?.....(Өскенбай)

8. Өз әкесі?..... (Құнанбай.)

9. Абайдың анасы?....., (Ұлжан) әжесі..... (Зере)

10. Абайдың әкесі Абайды неге үй ретеді?.....(ел билеуге үйретеді.)

11. Абай мен әкесі арасындағы келіспеушілік неден?.....(ел билеушілердің халыққа жасаған қиянатын көргенде басталады.)

12. Абай оқыған орыс жазушылары мен ақындары кімдер?..... (Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Добролюбов, Чернышевский.)

	<p>13. Абайдың ақын екенін танытқан алғашқы көркем өлеңі..... («Қансонарда бүркітші шығады аңға».)</p> <p>14. Ол өлеңі қай жылы жазылған?.....(1882 жылы), халық ауыз әдебиеті.)</p> <p>15. Ақын қай жылы дүниеден озды?..... (1904 жылы.)</p>	
<p>Сабак ортасы 10 мин.</p> <p>5 мин.</p>	<p>Ой қозғау» /4 мин./</p> <p>- Балалар, адам бойында қандай қасиеттер болады?</p> <p>- Ендеше, адам бойынан табылатын 5 жақсы, 5 жаман қасиеттерді атай қойыңдаршы.</p> <p>- Абай ағамыз да: «Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол», – деп бекер айтпаған. Бүгін біз сіздермен Абай ағамыздың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңімен танысамыз. Дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді жазып қойыңыздар.</p> <p>1. Білім – адам өміріне өте қажет. Тіпті оны ұлылардың өзі де мойындайды. Өлеңнің тақырыбы - «білімсіз, ғылымсыз болады ақыл тұл» дегенге саяды. Ақын бұл өлеңі арқылы жас ұрпақты өнерге, білімге, ғылымға шақырады.</p> <p>Ең алдымен осы өлеңде кездесетін түсініксіз сөздермен</p>	<p>С о з д е р ж ә н е суреттері б а р үлестірме парак; А у д н о файл</p>

	<p>танысып, дәптерлеріңе жазып қойыңдар.</p> <p>а). Сөздікпен жұмысы:</p> <p><i>Нәфрәтлі - жиіркенішті.</i></p> <p><i>Фибрәтлі – үлгілі, өнегелі.</i></p> <p>(Өлеңді ұнтаспадан тыңдату) /3 мин/.</p> <p>ә). – «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа білетін оқушылар бар ма? (жатқа білетін оқушының бірінен сұрау) /2 мин/</p> <p>б). Осы өлеңі арқылы Абай ағамыз бізге қандай өсиет қалдырды? (5 асыл іс пен 5 жамандықты оқушыларға айтқыздыру). /3 мин./</p> <p>в). топтық жұмыс: /10 мин/.</p> <p>1-топ: Өлең мазмұнын постер арқылы жеткізу.</p> <p>2-топ: Өлеңді қарасөзбен жазу.</p> <p>3-топ: Өлеңді құрылысына талдау.</p> <p>4-топ: Білім-ғылымға шақыратын басқа ақынның өлеңімен салыстыру. («Венн диаграммасы»: А.Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі мен Б.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңін салыстыру)</p> <p>Әр топ өздерінің орындаған тапсырмаларын қорғайды /5 мин./</p>							
	<p>Insert картасы</p> <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <tr> <td style="width: 33%;">1 . Н е білемін?</td> <td style="width: 33%;">2. Білгім келеді</td> <td style="width: 33%;">3. Не білдім?</td> </tr> <tr> <td style="height: 20px;"></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>		1 . Н е білемін?	2. Білгім келеді	3. Не білдім?			
1 . Н е білемін?	2. Білгім келеді	3. Не білдім?						

<p>Сабақ соңы 5 мин. Сабақты бекіту.</p>	<p>«3 минуттық эссе» жазғызу. Тақырыбы: «Адам болам десеніз...» /5 мин./</p> <p>Екі-үш оқушы эссесін оқиды. Балалардың алдында бағалау парақшалары болады. Сол бағалау парақшасын әр оқушы толтырып, тапсырады. Сабаққа белсенді қатысқан балаларды бағалаймын.</p> <p>Рефлексия. Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді.</p> <p>– <i>Сабақта маған не пайдалы болды?</i></p> <p>– <i>Сабақта маған не қызықты болды?</i></p> <p>– <i>Сабақта маған не қиын болды?</i></p>	<p>Слайд 8</p>
<p>Қосымша ақпарат</p>		

<p>Дифференциация</p> <p>– Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пән аралық байланыс</p> <p>Қауіпсіздік ережелері А К Т - мен байланыс Құндылық-тармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>
<p>Дифференциация үш түрде іске асады:</p> <p>1-үлгерімі төмен оқушыларға қолдау жұптық жұмыста үлгерімі жақсы оқушылар тарапынан көрсетіледі.</p>	<p>Оқушылар бір-бірін дискрип-торлар тұсына «+» белгісін қоя отырып,</p>	<p>Сабақ философияға қатысты болғандықтан, белсенді азаматтық позициясын</p>

<p>2-оқушылардың тапсырмасынан күтілетін нәтиже дифференциацияланған.</p>	<p>бағалайды. Сол арқылы кері байланыс беріледі.</p>	<p>қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабақта оқушылардың өміріне қауіпті ештеңе пайдаланылмады. Р о w e r P o i n t т а н ы с т ы р ы л ы м ы , аудиофайл тыңдау үшін компьютер қолданылады.</p>
--	--	--

<p>Ойлану</p> <p>– <i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма?</i></p> <p>– <i>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?</i></p> <p>– <i>Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?</i></p> <p>– <i>Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?</i></p> <p>– <i>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</i></p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p>Жалпы баға</p> <p>Сабақ талаптарға сай өтті. Оқушылар сөздік қорын молайтты. Жұпта бір-біріне қолдау көрсетіп, қарым-қатынас жасады. Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>1.</p> <p>2..</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>1.</p> <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>	

ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ “БИ ТЕМІРГЕ БІРІНШІ ТОЛҒАУЫ”

Осы сабаққа қатысты оқу мақсаттары	Т/Ж 8.1.2.1.әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.
С а б а қ мақсаттары	Жырдың негізгі идеясын беретін эпизодтарын тауып талдап, жырдағы нақыл сөздерді анықтау.
Б а ғ а л а у критерийлері	* Жырдағы нақыл сөздерді табады. * Шығармадан үзінді келтіре отырып, өз көзқарастарын білдіреді.
Дифференциация	Барлық оқушылар: * Жырдың негізгі идеясын беретін эпизодтарды тауып талдайды. Нақыл сөздерді анықтайды. Көптеген оқушылар: * Шығарма мазмұны бойынша өз көзқарасын білдіре алады. Кейбір оқушылар: * Нақыл сөздердің мағынасын ашады.

Құндылықтар	«Мәңгілік ел» құндылығы: * <i>Тіл және мәдениет.</i> Оқушының құндылығы: • <i>Ынтымақтастық;</i> • <i>Жауапкершілік;</i> Аталған құндылықтар сабақ тақырыбы арқылы оқушылардың жеке және жұптаса, топтаса отырып жұмыс жасаулары, сын тұрғысынан ойлай білу дағдылары негізінде жүзеге асады.
Тілдік мақсаттар	Пәнге қатысты лексика мен терминология: <i>жыршы, жыр.</i> Диалог пен жазылымға байланысты сөз тіркестері: <i>Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық.</i> <i>Малыңды бер де, басың қос, басыңды қоста бек сыйлас.</i>
Осыған дейінгі оқылғандар	Шалкиіз жыраудың өмірі
Жоспар	

У а қ ы т т ы жоспарлау	Жоспарланған іс-әрекеттер	Ресурстар
3 мин.	«Миға шабуыл» стратегиясы 1. <i>Шалкиіз жырау қай ғасырда өмір сүрген?</i> 2. <i>Шалкиіз өмірінде Би Темір қандай рөл атқарады?</i> 3. <i>Жыраудың «Би Темірге»</i>	

	<p><i>толғауындағы көнерген сөздерді атаңдар.</i></p> <p>4. Темір би – қай елдің әміршісі?</p> <p>5. Жырда Шалкиіз Би Темірге қандай теңеу береді?</p> <p>Топқа бөлу</p> <p>Тірек сөздер арқылы топқа бөлу: <i>толғау, Би Темір, жыршы.</i></p>	<p>https://www.zharar.com/kz/olen/10311-temir.html</p> <p>Бағалау мадақтау арқылы жүреді.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>10 мин.</p>	<p>ТЖ . «Айналмалы бекет»</p> <p>Оқушылар жырдағы нақыл сөздерді табады. Нақыл сөздердің мағынасы туралы өз идеяларын топта біріктіреді, басқа топтармен бөліседі.</p> <p>Өз мысалым:</p> <p><i>1. Жаманға сырыңды қосып, сөз айтпа.</i></p> <p><i>2. Ақылсыз достан, ақылды дұшпан артық.</i></p> <p><i>3. Бар күшіңді сынамай, балуандармен күреспе.</i></p>	
<p>7 мин.</p> <p>20 мин.</p>	<p>Постер қорғату.</p> <p><i>1.</i></p> <p><i>2.</i></p> <p><i>3.</i></p> <p>Бағалау. Өзара бағалау жүреді.</p> <p>П о с т е р л е р і н алмастырамын:</p>	

<p>1. Өз идеямыз.</p> <p>2. Өзге топтың идеясы.</p> <p>Жеке жұмыс.</p> <p>«Екі жақты күнделік» стратегиясы (слайд)</p> <table border="1"> <tr> <td>Толғаудан үзінді</td> <td>Өз үзіндім</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Толғаудан өзіне ұнаған үзіндіні таңдайды.</p> <p>2.Үзіндіні өз стилімен жазады.</p> <p>Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы бағалау</p> <p><i>*Шығарманың идеясын бір сөйлеммен түйіндейді.</i></p> <p><i>*Шығарманың идеясын толық түсіндіреді.</i></p> <p><i>*Кемінде 3 қара сөзбен түрлендіреді.</i></p> <p>Кері байланыс: 4-5 оқушының кері байланысының бір-бір сөйлемін оқимын.</p> <p>Үйге тапсырма:</p> <p>2-тапсырма. Толғаудың идеясы мен ойтүйінін дәптерлеріңе қорытып жазыңдар, 45-бет.</p>	Толғаудан үзінді	Өз үзіндім			
Толғаудан үзінді	Өз үзіндім				
Қосымша ақпарат					

<p>Дифференциация – сіз қалайша көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеттері жоғарылау оқушыларды қалайша ынталандыруды жоспарлайсыз?</p>	<p>Бағалау – сіз оқушылардың оқу деңгейін қалайша тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық сілтемелер Денсаулық пен қауіпсіздікті тексеру АКТ сілтемелер Мағына сілтемелері</p>
<p>Оқушы толғаудан мәселе таңдау кезінде өз білімін іштей саралай алады. Таңдауы аз оқушыда іштей өз біліміне қанағаттанбау сезімі туады. Үзіндіні өз стилімен қайта өңдеп, креативті жазу тапсырмасы да оқушының өз біліміне қарай қабілетін көрсетуге арналған мүмкіндік ретінде ұсынылады.</p>	<p>«Айналымалы бекет» стратегиясы арқылы оқушылардың бір-бірімен идея алмасуына мүмкіндік туғызамын.</p>	<p>С а б а қ т а оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі барынша ескеріледі. Топтарға біріккен кезде ынтымақтас-тықпен жұмыс жасай білулері, даулы мәселеде келісімге келе алулары қадағаланады.</p>

Н. АЙЫМБЕТ,
Жүзімдік жалпы орта мектебі
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.
Түркістан облысы
Бәйдібек ауданы

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ “О, АҚТАН ЖАС, АҚТАН ЖАС” ӨЛЕҢІ. КӨРКЕМСӨЗ

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)</p>	<p>А/ІЗ. Шығармадағы тілдік, бейнелеу, суреттеу құралдарының (эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау.</p>
<p>С а б а қ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Мұғалімнің көмегімен өлеңнен бейнелеуіш құралдарды, өлең құрылысын анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы бейнелеуіш құралдарына мысалмен дәлел табады, ерекшеліктеріне қарай топтастырады, өлең құрылысына талдайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Тілдік құралдардың мағыналарын анықтайды, өлең құрылысына талдау жасайды.</p>

Бағалау критерийі	Шығармадан бейнелеу құралдарын анықтайды. Анықталған бейнелеу құралдарының мағынасына талдау жасайды.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар орындай алады: Бейнелеуіш құралдарды анықтайды, салыстырады, талдайды, қолданады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>жетімдік, сауыт, жау қашыру, өмір сүру, қажымау.</i> Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: <i>күрек тісін қасқайту, білмеліні тұтату, бала сүю, керсеніңе бал құю, жетімдіктен өту.</i>	
Құндылықтарға баулу	<i>Болашаққа сеніммен қарау.</i>	
Пәнаралық байланыс	Қазақ тілі, жаратылыстану, АКТ.	
Алдыңғы білім 4 мин.	Өткен сабақ бойынша сұрақтар қоямын. Мысалы: – <i>Ақын Ақтан жастың бойынан қандай қасиет көргісі келеді?</i> – <i>Ақынның Ақтан жасқа үміт арту себебі неде?</i>	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезендері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

Сабақтың басы 5 мин.	«Ширату жаттығуы» Ақын Ақтан жастың болашаққа қалай қарауын қалайды? (Сеніммен, сабырмен, төзіммен.) Оқушылар сандықшадан сенім, төзім, сабыр сөздері жазылған қима қағаздарды алып, соған сәйкес үш топқа бөлінеді: «Сенім», «Төзім», «Сабыр». Сабақ мақсаты айтылады. Біз бүгінгі сабағымызда шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын өтіп, өлең құрылысына талдау жасаймыз.	Қима қағаздар
Сабақтың ортасы 23 мин.	«Айырмашылығы неде» 1-тапсырма. Үзіндіде қай сөздер бірнеше рет қайталаанады. – <i>О, Ақтан жас, Ақтан жас, Сен де жетер ме екенсің?</i> <i>Жетімдіктің белінен, Асып өтер ме екенсің?</i> Бұл сөздер қайталау деп аталады. – <i>Мағынасына қарай жай сөйлемнің қай түрі байқалады?</i> – <i>Сұрақ жауап беруді қажет етеді ме?</i> <i>Жауапты қажет емпейтін,</i>	Слайд


жауабы айқын тұратын, оқырман іштей біліп отыратын бұл сөйлем **риторикалық сұрау** деп аталады.

2-тапсырма

Осы үзіндіден эпитеттерді табындар

– Күрек тісін қасқайтып,
Сұлу сүйер ме екенсің?
Бадана көз, тоғыз тор,
Сауыт киер ме екенсің?

Эпитет



3-тапсырма.

Өлең тармақтарының басталуына назар аудар. Не байқадыңдар?

Жапанға біткен жапырақ,
Жамылсаң тоңар ма екенсің?

Жазғы шыққан бүлдірген,
Аллитерация дегеніміз –
дауыссыз дыбыстардың қайталанып келуі.


Жетімдіктің белінен,
Асып өтер ме екенсің?

Жарық сәуле көре алмай,
Ел шаңына ере алмай,

Сол бойы кетер ме екенсің?

Өлеңдегі «жетімдік белі», «ел шаңы» деген тіркестерге назар аудар. Не байқадыңдар?

«Венн диаграммасы»



Өлеңде берілген бейнелеу, суреттеу құралдарының бір-бірінен қандай айырмашылығы бар

Дескриптор:

- Өлеңдегі бейнелеу, суреттеу құралдарын анықтайды, талқылайды;

- Ерекшеліктерді ұқсастықтарына қарай топтастырады;

- Мұғалімнің көмегімен ғылыми атауын анықтайды, ережесін талдайды;

- Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс жасайды.

ҚБ: «Жарайсың!», «Керемет!», «Тағы қарау керек!» 2-тапсырма.

Саралау

I-деңгей

Өлеңдегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының әрқайсысына дәлел табады.

Бейнелеу құралдары	Шығармадан мысал
Қайталау	

Аллитерация		
Риторикалық сұрау		
<p>II-деңгей Өлеңнен 3 бейнелеу құралын тауып, мағынасын өз сөзімен түсіндіреді.</p>		
Бейнелеу құрал түрі	Бейнелеу құралының мағынасы	
<p>III-деңгей Бейнелеу құралдарын тауып түріне ажыратады, мағынасын түсіндіреді.</p>		
Бейнелеу құралы кездесетін мысалдар	Бейнелеу құрал түрі	Мағынасы
<p>Дескриптор - <i>Өлеңнен тілдік бейнелеу құралдарын табады;</i> - <i>Тілдік бейнелеу құралдарының мағыналарын анықтайды;</i> - <i>Шығармадағы 3 түрлі</i></p>		

	<p><i>бейнелеу, суреттеу құралдары кездесетін тармақтарды анықтайды;</i> - <i>3 түрлі бейнелеу құралының түрін ажыратады;</i> - <i>Өлеңдегі қолданылу мағынасын өз сөзімен түсіндіреді.</i> Мұғалім ауызша кері байланыс жүргізеді. ҚБ: «Идея туралы пікір»</p>	Кесте
Сабақтың соңы 13 мин.	<p>Тапсырма Өлең құрылысына талда 1). <i>Тармақ санын анықта.</i> 2). <i>Буын санын анықта.</i> 3). <i>Бунақ санын анықта.</i> 4). <i>Ұйқас түрін анықта.</i> Шұбыртпалы ұйқас – <i>қазақ поэзиясындағы жыр ұйқасы. Көбіне жыраулар поэзиясында қолданылады.</i> Дескриптор - <i>Өлеңнен тармақ, буын, бунақ санын, ұйқас түрін анықтайды.</i> ҚБ. «Бас бармақ» әдісі Рефлексия: «Миыңның суретін сал» Оқушылар мидың суретін дәптерге салады да, оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін</p>	

	білдіретін сөздермен толтырады.	
Қосымша ақпарат	Өлеңде «Бежін ер» деген сөз бар. Бұл – сырты былғарымен қапталып Бежін қаласында, Қытайда жасалған ер. Яғни Бежін қазіргі Қытайдың астанасы – Пекин. Пекин қаласында 2008 жылы жазғы олимпиада ойындары өтті. Пекиндегі ойындарға ҚР-дан 132 адам (61 - еркек, 71 - әйел) қатысып, республикамыздың құрамасы спорттың 22 түрімен күш сынасты. Нәтижесінде жерлестеріміз 13 медальға, оның ішінде 2 алтынға (И.Ильин - ауыр атлетика, Б.Сәрсекбаев - бокс) ие болып, жалпыкомандалық есепте 29 орынға ие болды.	

Саралау Деңгейлік кестелер Төмен деңгей – бейнелеу құралдары кездесетін мысал табады. Орта деңгей - бейнелеу құралдарының түріне өлеңнен дәлел табады, мағынасын өз сөзімен ашады. Жоғары деңгей – тілдік құралдарды тауып түрлеріне	Бағалау әдісі Сабақ ортасында: ауызша мадақтау, мұғалімнің ауызша кері байланысы, «Идея туралы пікір» С а б а қ с о ң ы н д а : «Б а с бармақ» әдісі.	Д е н с а у л ы қ және қауіпсіздік техникасын сақтау
--	--	---

ажыратады, мағыналарын түсіндіреді.	
Сабақ бойынша рефлексия 1. Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? 2. Барлық оқушылар оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? 3. Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? 4. Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? 5. Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? 6. Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?	1. Сабақ мақсаттары да, оқу мақсаттары да қолжетімді болды; 2. Жоспарлауда оқу мақсаттары қолжетімді; 3. Көркемдегіш құралдарын баланың жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеу бойынша т а п с ы р м а л а р д ы ықшамсабақ талдауынан кейін қайта өзгертіп, қолжетімді тапсырмалар үлгілерін ұсындым; 4. Сабақта саралау дұрыс жүргізілді; 5. Уақыт тиімділігіне қарай тапсырма материалдары сұрыпталды; 6. Сабақ жоспарынан ауытқулар болған жоқ.
Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? <i>1. Алдыңғы оқу материалдары;</i> <i>2. Кестелер.</i> Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? <i>1. Саралау тапсырмалары;</i> <i>2. Тиімді әдіс-тәсілдер.</i> Жоспарлау барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? Оқу мақсатынан сабақ мақсатын шығару қиын болды. Келесі жолы деңгейлік тапсырмалар, әдіс-тәсілдерге назар аударар едім.	

**М. СМАЙЛОВА,
А. СЕМІЗТАЕВА,
№104 жалпы білім беретін
мектептің бастауыш сынып
мұғалімдері.
Алматы қаласы**

**М Е Н І Қ О Т Б А С Ы М .
М Д Ы Б Ы С Ы М Е Н Ә Р П І .
М О Я С Е М Ь Я .
Б У К В А « М » И З В У К [М]
(кіріктірілген сабақ)**

С а б а қ негізделген оқу мақсаттары	<p>1.1.9.1. Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.</p> <p>1.2.1.2. Оқу түрлерін (буындап оқу, жиі кездесін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p> <p>1.1.8.1. Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</p> <p>1.1.2.1. Понимать значение знакомых слов, имеющих отношение к повседневной жизни.</p> <p>1.1.4.1. Понимать о ком/о чем говорится в прослушанном тексте.</p>
Сабақ нәтижесі	<p>Барлығы: Жаңа білімді меңгереді.</p> <p>Көбі: Тақырыпты түсініп, тыңдап, жетекші сұрақтар арқылы</p>

	<p>талқылайды.</p> <p>Кейбірі: Алған білімді өмірде қолдана алады.</p> <p>Знать слова – названия членов семьи, слова-признаки описания дома семьи.</p> <p>Создавать речевые высказывания из 2-3 предложений.</p> <p>Распознавать и произносить звуки [м].</p>
Ж е т і с т і к критерийлері	<p>Айтылған сөздер мен сөйлемдердің көпшілігін дұрыс қайталай алады.</p> <p>Нақты сөйлеу арқылы, мәселені түсінгенін көрсете алады.</p>
Құндылықтарды дарыту	<p>Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.</p>
П ә н а р а л ы қ байланыс	<p>Өнер, сауат ашу, орыс тілі, ағылшын тілі, математика.</p>
АКТ қолдану дағдылары	<p>Аудиожазба, таныстырылым.</p>
Т і л д і к құзыреттілік	<p>М дыбысы мен әрпі.</p>
Сабақ барысы	

С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру</p> <p>5 минут</p>	<p>-</p> <p><i>Сәлеметсіңдер ме, балалар!</i></p> <p>- <i>Жақсы!</i></p> <p>- <i>Балалар,</i></p>	

көңіл-күйлерің қалай?

- Жақсы!

- Дети, встаньте в круг и приветствуем друг друга.

А). Сәлем бердім мен күнге

Сәлем бердім мен саған.

Сәлем бердім апайға

Сәлем бердім сіздерге.

Орысшасы да айтылады.

Ә). Здравствуй, солнце золотое,

Здравствуй, небо голубое,

Здравствуйте, мои друзья

Очень рад вас видеть Я!

Жаксы, орындарыңызға отыра беріңіздер!

Топқа бөлу

I. Топтың аты – «**Бірлік**».

II. Топтың аты – «**Береке**».

III. Топтың аты – «**Ынтымақ**».

IV. Топтың аты – «**Татулық**».

Суретті сөзжұмбақ



Ы



Берілген суреттердің бірінші әріптерінен сөз құрастыру.

- Қандай сөз шықты?

- Мысық!



Мысық, кошка, cat.

Мысық сөзі қандай дыбыстан басталып тұр? - “М” дыбысынан.

- “М” – қандай дыбыс?

- *Дауыссыз, үнді.*

- *Тамаша!*

Жұлдызша әдісі бойынша өткен сабақты қайталау.

“М әрпіне байланысты оқыған сөздерді айту”.

(Екі топ қазақша, екі топ орысша)



Жаңа сабақ.

Сабақтың тақырыбы: Менің отбасым. М дыбысы мен әрпі.

Моя семья. Буква «М» и звук [М]

Топтық жұмыс. «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» әдісі.


1. «**Бірлік тобына**» - Мысық сөзіне дыбыстық талдау.

2. «**Береке тобына**» - Мысықты сипаттау.

3. «**Ынтымақ тобына**»- «М» дыбысына байланысты тақпақ.

4. «**Татулық тобына**» - Мысықтың суретін салу.

Кері байланыс «Кір жаятын жіп» әдісі



Оқылым.

«Малтатас»

Малтатас – тастың бір түрі. Теңіз жағалауларында жиналады. Ерте кезде балта, айбалта сияқты құралдарды осы тастан жасаған.

Жазылым.

«Бірлесіп жазу» әдісі.

(дәптерлеріне жазады М, м).



		Таныстырылым, оқулықпен жұмыс
Сабақтың ортасы 10 минут		
Сергіту сәті 1 минут	Finger family (ағылшын тілінде) 	Сергіту сәтіне арналған жинақ
Қызықты тапсырма 7 минут Аяқталуы 8 минут	Топтық жұмыс. «Бірігіп көтерген жүк жеңіл» әдісі. 1. «Бірлік тобына» - Составить рассказ по картинке. 2. «Береке тобына» - Посмотрите на картинки и запишите слова. 3. «Ынтымақ тобына» - Фонетический разбор слов по картинке.	

<p>4. «Татулық тобына» - «Школа» составить предложения.</p>  <p>«Суреттер сөйлейді» әдісі. (суретпен жұмыс)</p>  <p>1. – Суретте не болып жатыр? 2. – Неге олай деп ойлайсыңдар? 3. – Тағы не байқадың?</p> 	Оқулық, дәптерлер.
---	--------------------

	<p>«Ашық микрофон әдісі»</p>  	
<p>Бағалау 5 минут Кері байланыс</p>	<p>Бағалау парақшаларының нәтижелерін шығару</p>  <p>Қызыл алма – мен бәрін түсіндім, көңіл күйім тамаша. Сары алма – мен көп нәрсені түсіндім, үйрендім, көңіл күйім жақсы. Жасыл алма – мен түсінбедім, көңіл күйім жоқ.</p>	<p>Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, рефлексия ағашына жапсырады.</p>

<p>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>«Жарайсың!» «Тамаша!» «Керемет!» деген мақтаусөздер айтып отырамын. Қабілеті жоғары оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беремін.</p>	<p>Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтар дағы байланыс.</p>
<p>Рефлексия <i>Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?</i> <i>Бүгін оқушылар не білді?</i> <i>Сыныптағы ахуал қандай болды?</i> <i>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?</i> <i>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?</i> <i>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</i></p>		<p>«Алма ағашы» Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған рефлексия ағашына жабыстырады. «Керемет!» «Өзімен сенімдімін!» «Жақсы!» «Жаман емес!» деп аталады.</p>
<p>Қорытынды бағалау Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз?) <i>1. Топтық жұмысты бірлесе орындау.</i> <i>2. Суреттердің көмегімен сөйлем құрау.</i> Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз?) <i>1. Кластер қорғау.</i> <i>2. Әңгімені тізбектеп оқу.</i> Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетінін білдім? Сабақта қолайлы әдістерді пайдалану және оқушылардың қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларды сабақтың әр кезеңінде бағалау.</p>		

Г. МУТАЛОВА,
 №81Ұлықбек атындағы ЖОМ
 қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
 Түркістан облысы
 Сайрам ауданы
 Қарабұлақ ауылы

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

О с ы сабақта қол жеткізілетін о қ у мақсаттары	<p>Т. 1.1.3.1 Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/заттық сурет/сызба таңдау.</p> <p>А. 1.2.2.1 Сурет бойынша 2-3 сөйлем сөйлем құрастыру.</p> <p>О. 1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен мәтіннің мазмұны немесе иллюстрация бойынша қарапайым (не? қандай? қанша?) сұрақ қоя білу.</p> <p>ТҚ.1.5.1.1 Мұғалімнің көмегімен заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну, ауызекі тілде қолдану.</p>
С а б а қ т ы н мақсаттары	<p>Барлығы: Үй жануарларын айта алады.</p> <p>Көбі: Тақырып бойынша сөйлесе алады, олардың санын айта алады.</p> <p>Кейбірі: Үй жануарлары туралы қосымша мәлімет біледі. Оларды өмірлік жағдаятта еркін қолдана алады.</p>

Ж е т і с т і к критерийлері	<p>Жаңа сөздерді дұрыс қолданады. Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді және орынды қолдана алады. Сұрақ қою мен жауап беру барысында таныс сөздерді орынды қолдана алады. Сөйлем құрастыруда жаңа сөздерді мағынасына сай, орынды қолдана алады.</p>
Дескриптор	<p>Сөйлем құрастыра алса. Сұраққа жауап бере алу, өзі сұрақ қоя алу дағдылары жетілсе. Суретке байланыстырып сұраулы сөйлем айта алса.</p>
Т і л д і к мақсаттар	<p>Үй жануарлары: <i>сиыр, бұзау, бие, құлын, түйе, бота, қой қозы, ешкі, лақ.</i></p>
Құндылықтарды дарыту	<p>Үй жануарларына қамқоршы болуға үйрету.</p>
П ә н а р а л ы қ байланыс	<p>Бейнелеу өнері, сауат ашу сабағы</p>
АКТ қолдану дағдылары	<p>https://www.youtube.com/watch?v=BsyfFlArDBg Жануарлар туралы</p>
Бастапқы білім	<p>Үй жануарлары</p>

Сабақ барысы		
С а б а қ т ы н жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а ғ ы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы 5 минут</p>	<p>Ертеңгілік шеңбері. Оқушылардың көңіл күйін сұрау. Бүгінгі сабақ қызық болуы үшін Әли мен Айя ертегісін тыңдатып, тамашалату. Тақтада үй жануарлары және олардың төлдерінің суреттері ілініп тұрады. Оқушылар сол бойынша жұпқа бөлінеді. Жануарды төлімен алған оқушылар бір жұп болады. <i>Бота, бұзау, құлын, қозы, лақ.</i> Тақтада оқушыларға арналған оқу мақсаты жазылады. С а б а қ м а қ с а т т а р ы м е н о қ у ш ы л а р д ы т а н ы с т ы р ы п ө т у.</p>	<p>Қуыршақтар</p> <p>Жануарлар суреті</p>
<p>Сабақтың ортасы 30мин.</p>	<p>«Дауысты тап» ойыны. Үнтаспадан шыққан дыбыс қай жануардың дауысы екенін табайықшы. – <i>Қай жануардың дауысы?</i> – <i>Сиыр не істеді? – Мөңіреді.</i></p>	<p>Таныстырылым https://www.youtube.com/watch?v=BsyfFlArDBg</p> <p>Таныстырылым</p>

	<p>– <i>Жылқы не істеді? – Кісінеді.</i> – <i>Түйе не істеді? – Боздады.</i> – <i>Қой, ешкі не істеді? – Маңырады.</i> – <i>Немен қоректенеді? – Су, жем, шөп.</i> – <i>Олардың адам үшін қандай пайдасы бар? – Сүті, еті, терісі бағалы, сүтінен май, айран, құрт, қаймақ, терісінен түрлі бұйымдар алынады т.б</i> <i>Біз оларға суын жемін, шөбін уақытысында беріп қамқор болуымыз керек.</i> (МК,Ұ) 1-тапсырма Оқушылардың назарын интербелсенді тақтадағы тұрған суреттерге аудару. <i>Мынау - түйе.</i> <i>Мынау - жылқы.</i> <i>Мынау- қой.</i> <i>Мынау - ешкі.</i> <i>Мынау - сиыр.</i> (МК,Ұ) Оқушыларға “ма, ме” сұраулық шылауларын сөйлеу барысында қолдануды үйрету. <i>(Балаларға біреуден бір нәрсе туралы сұрайтын болса, “ма, ме” шылауларын қатыстырып сұрайтынын</i></p>	<p>Үй жануарларының суреттері “Ма, ме” жазылған кеспе қағаздар</p> <p>Үй жануарларының суреттері “Ма, ме” жазылған кеспе қағаздары.</p>
--	--	---

	<p><i>ескерту.)</i> Осыдан кейін мұғалім оқушылардың назарын «Есте сақта!» айдарына аударады.</p> <p>«Айналма бекет» әдісі Шеңбер құрайды, суретке қарап сұраулы сөйлем айтады. (Қолымызда тұрған суреттегі жануарға байланыстырып сұраулы сөйлем айтасыңдар.) Мұғалім бұл сұрақтарға “Иә, жоқ” деп жауап беруін ескертеді.</p> <p>– <i>Мынау сиыр ма?</i> – <i>Мынау жылқы ма?</i> – <i>Мынау қой ма?</i> – <i>Мынау түйе ме?</i> – <i>Мынау ешкі ме?</i></p> <p>(МК,Ұ) 3-тапсырма. Алдымен мұғалім сандарды санатады.</p> <p>«Бес қадам» әдісі б о й ы н ш а “ н е ш е ? ” сұрағына жауап береді. Суреттерді пайдаланып айтады. Қадам жасайды, сұраққа жауап береді. Бес қадамды дұрыс орындаған мәреге жетеді.</p>	
--	--	--

	<p><i>СЕРГИТУ СӘТІ</i> <i>Бота – төлі түйенің,</i> <i>Құлын – төлі биенің.</i> <i>Қой баласы – қозы зой.</i> <i>Бұзау – төлі сиырдың.</i> <i>Оны жақсы білемін.</i> <i>Иә, иә ,иә,</i> <i>Бәрін жақсы, бәрін</i> <i>жақсы көремін!</i></p> <p>(Ж) 4-тапсырма. Электронды оқулықты тыңдап, оқушылар жұппен жұмыс істейді. Берілген үлгі бойынша сөйлеседі. Мұғалім тақтаға жеті қойдың суретін іліп қояды. – <i>Алмабек, мынау не?</i> – <i>Бұл – қой</i> – <i>Неше қой?</i> – <i>Жеті қой.</i></p> <p>(МК,Ұ) Дәптермен жұмыс. Дәптердегі тапсырманы орындау арқылы оқушылар оқулықпен жұмыс барысында алған білімдерін бекіте түседі.</p>	<p>Сандар суреті Үй жануарларының суреті</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=BsyfF1ArDBg</p> <p>Жеті қой суреті</p>
--	--	--

	<p>1 - тапсырма интербелсенді тақтамен жұмыс. Сәйкестендіру. Жетістік критерийі: <i>Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді және орынды қолдана алады.</i> <i>Сұрақ қою мен жауап беру барысында таныс сөздерді орынды қолдана алады.</i> <i>Сөйлем құрастыруда жаңа сөздерді мағынасына сай, орынды қолдана алады.</i> Дифференциация: Қабылдау деңгейі жоғары оқушылар: жануарларын қалай күтетіні туралы айтып береді. Қабылдау деңгейі орташа оқушылар: жануарлардың үлгі бойынша аттарын атайды, сипаттайды.</p>	<p>№ 1 жұмыс дәптер</p>
--	---	-------------------------

<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>Оқушы «Мен анық сөйлеу арқылы, мәселені жақсы және дұрыс түсінгенімді көрсете алдым»</p> <p>Рефлексия</p>	
<p>Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеруде деңгейін тексеру жоспарыңыз? (Қ Б) Оқушылардың күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну және оларды дұрыс қолдана алу дағдысын бағалау.</p>	<p>Пәнаралық байланыс Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p> <p>АКТ Құндылықтармен байланыс (тәрбие) Үй жануарларына қамқоршы болуға үйрету.</p>
<p>Қолдау көрсету. Қабілеті жоғары оқушылар мұғалім үлгісіне сүйене отырып, бір-бірінің отбасы мүшелері туралы сұрақ қояды және жауап береді.</p>	<p>Бейнелеу өнері, сауат ашу сабағы</p>	

К. К. УЛИКПАНОВА,
«Рауан» көпсалалы колледжінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің оқытушысы.
Ақтөбе қаласы

ТІЛДІК НОРМА ЖӘНЕ СТИЛЬ

Сабақтың тақырыбы: Тілдік норма және стиль.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Бастапқы білімдерін пайдалана отырып, әр тілдің өзіне тән төл заңдылығы болатынын түсіну, жалпы тілдерге ортақ заңдылықтар жайлы мәлімет беру.

Дамытушылық: Білім алушылардың іскерлік дағдысын қалыптастыру, ой-өрісін дамыту, жаңа сөздік қорды игерту, ізденімпаздыққа баулу, танымдық қабілеттерін жетілдіру.

Тәрбиелік: Сабақ барысында ұқыптылыққа, тиянақтылыққа және жауапкершілікке, сыйластыққа, бір-бірінің пікірін тыңдауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Іскерлік пен дағдыны қалыптастыру.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, топтық, проблемалық сұрақтарды шешу.

Сабақтың көрнекілігі: құжат үлгілері, үлестірмелі қағаздар.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс тілі, хатшы ісі.

Сабақ барысы мен мазмұны

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- *амандасу, білім алушыларды түгелдеу;*
- *аудиторияның сабаққа дайындығын тексеру;*
- *психологиялық ахуал тудызу.*

«Өзіңізге тілегенді басқаларға тілеңіз!»

Әр оқушыға 10-15 секунд уақыт аралығында ішінде өзіне

бір немесе бірнеше ізгі тілек тілеу тапсырылады. Содан кейін қатысушылар жұпқа бөлініп, бір-бірінің қолынан алып, жаңағы өзіне тілегенді жұптасына айту керек.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

Тілдік норма және жаңа қолданыстар мен әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері туралы сұраймын.

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру:

Тіл дамуының әр кезеңі өзінің алдындағы тілдік дәстүрді жалғастыра отырып, тілді объективті түрде дамытады, өлшейді, саралайды, тиімдісін қалдырады, сөйтіп тілдік норма тудырады.

Норма дегеніміз – қоғамдық қажеттілікті өтеу үшін тіл құралдарының ішінен дұрыс, қолайлысын таңдап алу.

Сөз мәдениеті қамтитын тілдік норманың үш түрі бар:

1. *Тілдік норма (лексика, сөзжасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы).*

2. *Этика – сөзнормалары (сөйлеу этикасының ережелері).*

3. *Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).*

Тілдік стиль – айтайын деген ойды неғұрлым әсерлі жеткізу мақсатында жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын талғап қолдану тәсілінің бір түрі. Тілдік стиль стилистикадағы негізгі категория болып табылады. Стиль түрлері өзара үнемі қарым-қатынасқа түсіп, бір-біріне ауысып, тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы үздіксіз жетіліп отырады.

Қазіргі дамыған ұлт тілдерінде стильдің 3 негізгі түрі бар:

1. *бейтарап стиль;*
2. *кітаби стиль;*
3. *қарапайым сөйлеу тілінің стилі.*

Тілде белгілі бір ұғымның бірнеше сөзбен аталатын орайлары бар:

Жазушы-қаламгер, суреткер; Егінші-диқан; Мұғалім-

оқытушы, ұстаз т.б. Бұл – әдеби тілдің стильдік айырым жігін саралай түсетін белгілер.

Жазушы, мұғалім, оқытушы әдеби тілдің барлық тармақтарына тән бейтарап сөздер болса, қаламгер, суреткер, ұстаз – публицистика, көркем әдебиет стиліне тән

Қазіргі таңда баспасөз беттерінде сөздердің экспрессивті баламасын айту күшейді:

<i>Астық – алтын дән</i>	<i>көмір – қара алтын</i>
<i>Конституция – Ата Заң</i>	<i>малды – аяқты қазына</i>
<i>Теледидар – көгілдір экран</i>	<i>Президент – Елбасы</i>

т.б.

IV. Жаңа тақырып бойынша жұмыс түрлері:

- **Оқулықпен жұмыс:**

95-тапсырма: Төменде берілген тіркестерге мағыналық талдау жасап, тілдік нормаға сәйкес келетінін, келмейтінін ажыратып жазыңыздар. «Норма және стиль» тақырыбына сүйеніп түсінік беріңіздер.

96-тапсырма: Тіркестердің баламасын табу.

- **Сәйкестендіру тесті:**

Фразеологиялық тіркестердің синонимін тауып, дұрыс орналастыру:

<i>Ереуіл атқа ер салды</i>	<i>есейді, орта жасқа келді.</i>
-----------------------------	----------------------------------

<i>Жібектей есілген</i>	<i>сұлулыққа тән балама теңеу;</i>
-------------------------	------------------------------------

<i>Жігіт ағасы болды</i>	<i>сүйкімді, әдемі көз;</i>
--------------------------	-----------------------------

<i>Аршын төс</i>	<i>кекете күлді;</i>
------------------	----------------------

<i>Құралай көз</i>	<i>шыдамдылық, арты жақсылық, игілік.</i>
--------------------	---

<i>Мырс етті</i>	<i>жаугершілікте елін</i>
------------------	---------------------------

қорғауға аттанды;

<i>Сабыр түбі-сары алтын</i>	<i>мінезі биязы, жақсы қылықты;</i>
------------------------------	-------------------------------------

- **«Еркін пікір» әдісі:**

Біз өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы тілдер жөнінде

ой қозғай қалсақ, ең алдымен қоғамдағы тілдің мәні мен маңызы, оның адам өміріндегі орны, шығу тегі мен қалыптасуы, дамуы жөнінде не айтаре дік? «МЕН-ТІЛ-ҚОҒАМ» тақырыбында өз пікірімізді ортаға салып көрейік.

- **«Сөзден – сөйлем, сөйлемнен – мәтін» әдісі:**

Шашылған түрлі сөздердің ішінен бір-біріне мағыналық қабыспайтын 3 сөз алынады. Мысалы, «**өзен, қарындаш, аю**» деген секілді. Осы үш сөзді кіріктіре отырып, сөйлемдер құрастыру керек. Кімнің сөйлемі қызықты әрі ерекше болатынына көңіл аудару. Былай құрастырылуы мүмкін: «**Бала қолына қарындаш алып, өзенде шомылып жүрген аюдың суретін салды.**» Немесе шығармашыл: «**Қарындаштай ап-арық бала өзен жағасында тұрып, аюдай ақырып, өгіздей өкіріп жылады.**»

Бірнеше нұсқаның ішінен біреуін таңдап алып, тақтаға жазып қояды да, келесі 3 сөзді суырып, сөйлем құрайды. Одан да бір сөйлем жазып қояды. Соңында тақтада жазылған сөйлемдерді құрастырып, мәтін жазу керек. Мәтінді әрқайсысы өз дәптерлеріне жазуларына болады.

V. Жаңа тақырыпты бекіту:

«Сыныптан шығу билеті» әдісі:

Білім алушыларға бүгінгі тақырыпқа қатысты сұрақтар жазылған қағаз беремін, ал олар сұрақтарға жауап беріп, оны сыныптан шығуға рұқсат етілген уақытқа дейін беруі керек.

1. *Қандай тілдік нормаларды білеміз?*

2. *Тілдік нормалар қандай орындарда қолданылады?*

3. *Тілдік норманың тіл білімі саласындағы маңызы қандай?*

4. *Стиль дегеніміз не?*

5. *Стильдің неше түрі бар?*

6. *Норма мен стиль қалай байланысады?*

VI. Бағалау: Үй тапсырмасы мен жаңа сабақ бойынша тапсырмаларды орындаған білім алушыларды бағалау

VII. Үй тапсырмасы: 98-тапсырма және жаңа тақырыпқа байланысты 10 тест сұрақтарын дайындап келу.

М. Ж. ҚАСЕНОВА,
Павлодар қаласының
Кенжекөл жалпы орта білім беру
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті
пәндерінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында:

«Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», – деген Н.Ә. Назарбаев [1, 1 бет].

Өзге ұлт мектептерде жұмыс істейтін ұстаздардың басты мақсаты – өзге ұлттың баласын мемлекеттік тілді үйренуге қызығушылықтарын қалыптастыру, тіл үйренуге ынталандыру. Шәкірт білімін шыңдау қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне үлкен жауапкершілікті жүктейді. Осы орайда сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану – мақсатқа қол жеткізудің бастамасы болып саналады.

Қазақ тілі сабағында өзге ұлт балаларына сабақ қызықты да тартымды өткізу үшін ойынның рөлі өте жоғары. Оқушылардың білуге деген ынтасы мен

мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үдерісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде, яғни сабақ барысында қолдана білу дағдыларын қалыптастыру үшін ойын элементтерін пайдаланудың орны бөлек.

Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының: *«Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»* дегендей, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын – бала әрекетінің негізгі бір түрі. Ойынға шартты түрде мақсаттар қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие береді, тапқырлық әрекетін байқатады. Сезіну, қыбылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою сияқты сезімдерін дамытады.

Қазақ халқының ақыны, педагог М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты оқулығында бала дамуының психологиялық заңдылықтарын жан-жақты талдап көрсеткен. Мәселен жан тәрбиесі, ес, қиял, ойлау, тіл т.б. психикалық процестерде төменгі сынып оқушыларының ерекшеліктерін көрсеткен. Сабақта алған әсер күшті болса, есте ұзақ сақталады. М. Жұмабаев ойын туралы: *«Баланың қиялы әсіресе ойында жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанындағы әсерлермен пайдаланады»* – деп айтқан [3, 94 бет]. Шынында да, ақынның сөзі өте орынды.

Ал бүгінгі күні, 12 жылдық білім беру бойынша мемлекеттік стандарт жобасында оқытудың ойын технологиясына үлкен мән берілген. *«Пәндік, пәнаралық сипаттағы дидактикалық және сюжеттік, рөлдік ойындар білім алушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға,*

көпшілік алдында сөйлеу қабілетін үйренуге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді. Рөлдік, сюжеттік ойындардың көмегімен білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыратын оқу міндеттерін шешуге болады. Ойын қарапайым тілдік жағдаяттарда білім алушыларды қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелейді» [2, 12 бет], деп атап көрсетілген.

Сонымен қатар 12 жылдық білім беру және оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рөлдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән беремін. Оқушылар алдына түрлі өмірлік жағдаяттар беріліп, оқушылар ойнай отырып, сол туындаған проблеманы шешуге дағдыланады. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Біздің үйіміз» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сызбасын немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Ойын арқылы бала нені үйренеді?

- ой-қабілетін дамытады;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры молаяды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- Байқампаздығы артады;
- өзара сыйластыққа үйренеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіпке үйренеді;
- бір-біріне деген сенімі артады, достыққа баулиды;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты –

білім беруді ойынмен ұштастыру.

Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, нысықтау.

Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру.

Дидактикалық ойындар – балалардың білімдерін арттырудың құралы. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар.

Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндетті шешеді.

Ойын сабақтың басында – өткен сабақты еске түсіреді.

Сабақтың ортасында – көңіл-күйін сергітеді, ерік-жігерін дамытады, сабаққа ынтықсын арттырады.

Сабақтың соңында – тақырыпты бекіту, сабақта алған білімді жинақтау мақсатын көздейді.

«Шаттық шеңбері» тренингі – сабақтың басында ынтымақтастық атмосфера орнату үшін қолданылады. Оқушылар сәлемдесіп, бір-біріне жақсы тілек айтып, сәттілік тілейді.

«Интервью» блиц ойыны – тақырыпты нысықтауға арналған ойын түрі. Ойын шарты бойынша, оқушылардың арасынан тілші сайланады. Тілші әр оқушыға тақырыпқа қатысты сұрақ қояды. Оқушылар қойылған сұрақтың негізінде интервью береді.

«Сөздерден әңгіме құрау» ойыны – тақырыпты бекітуде қолданылады. Мұғалім тақырып бойынша әр оқушының бір-бір сөзден ойлауларын тапсырады, бірнеше секундтан кейін ол сөздерді тақтаға жазғызады (15-20 сөз). Шағын топтар осы сөздермен тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырады.

Ойын – оқушылардың оқуға деген ынтықсын

арттыратын құрал. Сондықтан бастауыш сыныптарында, орта буында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Олай болса, ойынды пайдаланудың маңызы зор. Мұндай ойынның көптеген түрлері бар. Сондықтан ойын балалардың жас ерекшеліктеріне және өтілетін сабақтың тақырыптарына, мазмұнына сай етіліп таңдалып алынғаны дұрыс. Бала ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Сонда ғана ойын және іс-әрекеттері табиғи бірлікте болып, пәндік білім, білік және дағдыны игеруге толық ықпал жасайды. Сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Мен өз сабақтарымда, әсіресе, бастауыш сыныптарда ойын түрлерін жиі қолданамын. Сондағы менің түйгенім:

- *жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде, жақсы нәтижеге жетуге болады;*
- *сабақты жандандырып, оқушыларды ынталандырады;*
- *шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;*
- *сабаққа қызығушылығы артады;*
- *логикалық ойлау қабілеті дамиды;*
- *сөздік қоры өседі, тілі дамиды;*
- *өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;*
- *зейіні қалыптасады;*
- *байқампаздығы артады;*
- *өзіне деген сенімділік пайда болады.*

Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты.

Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруы тиіс. Ойын нәтижелерін есепке алу түрліше: әрбір дұрыс орындалған грамматикалық ойын үшін ұпай есептеу, әрбір ұтылыс үшін кем ұпай беріледі, оқушылар тақтаға жазылған тиісті команда бағанындағы сөз немесе сөз тіркестерін жазып отыру; ол сөздерді есепке ала отыру; қол көтеріп немесе тиісті орфограммалар жазылған карточкаларды көтеру арқылы білімдерін анықтау; жаттығуға жіберілген уақытты есепке алу.


Сонымен қатар, ойындарға қойылатын талаптардың өз алдына жеке мақсаттары бар.

Олар:

- *ойынның мақсаты нақты әрі керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қойылу керек;*
- *ойын ережелері оқушылардың түсінуіне оңай, қарапайым әрі шағын болуы тиіс;*
- *ойынға оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет;*
- *ойын жүргіз барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай алуларына, ойлана білулеріне жол көрсетуі қажет.*

Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын, зейінін, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды.


«Жасырын сөз» ойыны



«Күрделі сөздер» ойыны

Мақсаты: күрделі сөз жасау, сөз мағынасын түсіндіру.

Ойын шарты: екі бөліктегі сөздерді қосу арқылы, күрделі сөз жасау.



«Сандар әлемі» ойыны

Мақсаты: сөз құрамында сан есімдері бар сөздерді жазу арқылы еске түсіру қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қорларын кеңейту.

Ойын шарты: ойынды жұптық жұмыс ретінде өткізуге болады. Қай жұп құрамында сан есімдері бар сөздерді көп жазса, сол жұп жеңімпаз атанады.

Мысалы: 2+бастұз, к+3+ік, 5+бармақ, 6+бақан, 7+су, тағы басқа.

«Қ» ойыны

Мақсаты: Оқушылардың сөздік қорын анықтау, ізденімпаздыққа бағыттау.

Ойын шарты: оңнан солға қарай оқылса да, солдан оңға қарай оқылса да өзгермейтін «Қ» әріпінен басталып, «Қ» әріпінен аяқталатын бес әріптен тұратын бес сөз ойлап жазу.

Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ
Қ				Қ

«Жалғасын тап» ойыны

Мақсаты: мақал-мәтелдерді есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты: мақал екі қатарға жазылады. Бірінші қатарда басы, екінші қатарда соңы жазылады. Мақалдың басы мен соңының орындары ауыстырылып жазылады.

Оқушының міндеті: сызықшамен қосу арқылы әр мақалдың толық мағынасын шығару.

А). Ердің сыншысы	<i>бімеді</i>
Ә). Жақсы болсаң,	<i>жүректе</i>
Б). Ерлік білекте емес,	<i>ашу-дұшпан</i>
В). Жері байдың	<i>ел</i>
Г). Ақыл дос,	<i>ардақты ат,</i>
Ғ). Кім еңбек етсе	<i>жақын көп</i>
Д). Мал баққанға	<i>сол тоқ</i>
Е). Адам деген –	<i>елі бай</i>

Қорыта келгенде, қазақ тілі сабақтарында ойын элементтерін пайдаланудың нәтижесінде, оқушының сөз байлығы көбейіп, олар сөйлеу мәдениетін меңгереді, және есте сақтау, ойлау машықтары қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Сондықтан әсіресе бастауыш, дайындық сыныптарында оқушылар сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланылатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» атты мақаласы

12 сәуір, 2017.

2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050», Жолдау.

3. Жұмабаев М. «Педагогика», Алматы, «Ана тілі», 1992 ж, 94 б.

4. Калмыкова Е.В. «Бастауыш мектептегі ойын технологиясы арқылы оқыту» Алматы, 2007 ж, 4, 5 б.

5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1993 жыл, № 10, 11, 12, 43-44 бет.

6. Керімбаева Р. «Дидактикалық ойындар түрлері», 2005 ж.

7. Қайырбекова А., Бағысбаева Б. «Қазақ тілі» Әдістемелік құрал 1-4 сынып.

Алматы, «Атамұра», 2012 жыл.



Мамандық – мақтаныш, қанатын қақты алыс

А.ЖАНИБЕКОВА,
Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ-сі,
М.Әуезов атындағы
кітапхана-филиалының
кітапханашысы.
Жезқазған қаласы

КІТАПХАНА МАЙТАЛМАНЫ

Кітапхана – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің киелі ордасы.

Кітапхана – оқырман үшін үлкен тәрбие мектебі, сансыз сұрақтардың жауабын табуға болатын сиқырлы да киелі орда.

Кітапхана–өзінің барша ізгі ниетті оқырмандарын қатпары терең білім қорымен сусындатып, ізденгендерге ізгілікпен бағыт көрсететін ғылыми, мәдени орта. Кітапхана мен оқырман бір-біріне тәуелді болып, білім қоры мол кітапхана мен ізденгіш оқырман бір-бірімен байланыста болса, әр адам қоғам алдындағы жауапкершілікті мүлтіксіз атқара алады.

Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі – кітапхана. Кітапханада жүрегің қалаған асыл сөзді, рухани азықты іздеген кітабыңнан аласың. Қай саланың маманы болмасын, кәсіптік санасының қалыптасуына оның жауапкершілігі мен өз ісіне адалдығы,

еңбексүйгіштігі негіз болады. Өзінің жаны сүйген мамандығы бойынша еңбек ету – адам жанына рухани азық береді.

Осындай ілім-білім бұлағы кітап атаулының шоғырлаған мекемесі – М.Әуезов атын қастерлеген қара шаңырақта еңбек етіп келе жатқан осы кітапхана филиалының меңгерушісі – Махмұтова Анар Жамантайқызы.



Жезқазған университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» факультетін бітірген. Кейін Алматы қаласындағы

Қыздар педагогикалық институтының «Кітапхана және кітапханатану» бөлімін бітірді. 1995 жылдан осы кітапхана саласында 24 жыл бойы еңбек етуде. Кітапханашылықтан бастаған еңбек жолы қазір филиал меңгерушілігіне дейін көтерілді. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша кітапхана жұмысы күрделене түсті. «Рабис» бағдарламасы бойынша электронды технологияны меңгеріп, инновациялық әдістерді қолданып оны жүйелі түрде жүргізуде белсенділік танытып келеді. Білікті маман, білімді басшы оқырмандарының рухани қуаттануына жол сілтеп, білім, өнер мен мәдениетті дамытуда елеулі еңбегімен үлес қосып, қызмет көрсетудің жаңа технологияларын меңгеруде біліктілігі мен

білімін танытып келеді. Өз ісінің қыр-сырын терең меңгерген кітапхана меңгерушісі оқырмандарды қажетті ақпаратпен, әдеби шығармалармен, баспасөз мәліметтерімен қамтамасыз етіп, оқырманның, жастардың жан-жақты, білімді болуына еселі еңбегін арнауда.

Кәсіби маман Анар Жамантайқызы қоғамдық өмірге де, «Ұлытау үні» фестиваліндегі мәдени іс-шараларға да белсене қатысып кітапханаішілік, қалалық іс-шаралардан шет қалмай, әкім, мәслихат, мәдениеттің құрмет грамоталарымен де марапатталған.

Өз ісінің шебері Анар Жамантайқызы игі істерімен, адамгершілік қасиетімен, тиянақтылығымен, еңбекқорлығымен ұжымдастарына да үлгі. Көп жылғы еңбек тәжірибесі бар маман озық іс-тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандарға тәлімгерлік танытып отырады. Әркез кітапхана жұмысын, әсіресе оқырманға көз тартатын көрме жұмыстарын жаңаша жүргізіп отырады. Жаңалыққа құмар жан.

Отбасында аяулы ана, сүйікті жар, 2 қыз, 1 ұлдың анасы. Қиындықта қасынан табылатын, жақсылықта жанынан табылатын жолдасы бар.

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың гана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» – деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, өз ісінің маманы қандай болу керек екендігін білікті маман Анар Жамантайқызының еңбек жолынан көреміз.

2017 жылы «Өрлеу білім-ғылым технология

порталы Қазақстан мемлекетінің өркендеп дамуы жолында өскелең ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы жаңашыл кітапханашы идеясы мен тәжірибесіндегі ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін бағалап, «ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫ» төсбелгісімен марапаттады.

Биылғы жылы өз мамандығына ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын, сапалы еңбек жолында көпке үлгі болған Анар Жамантайқызын «Жылдың үздік кітапханашысы номинациясы» бойынша қала әкімінің 100000 сыйақысына ие болды.

Кітапханашы мамандығының алуан-түрлі қыр-сырына үйреткен майталман әріптесімді және барша кітапханашыларды төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!



Г.Е. БЕКЕНОВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

ӨР РУХТЫ ДАУЫЛПАЗ АҚЫН – МАХАМБЕТ

Махамбет

Махамбет...

Білмеймін жел ме, сел ме

Жырда онымен бір тұлға теңесер ме?

Әділетсіз дүниенің қабырғасын

Махамбетше сөгер жан кездесер ме?

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Махамбет Өтемісұлының туғанына 215 жылдығына арналған «Ереуіл атқа ер салмай» атты тарихи сағат өтті.

Мақсаты – ХІХ ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарынын өлеңдері арқылы жасөспірімдерге түсіндіре отырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салған ерекше қасиетін жастардың бойына дарыту; өлеңдері мен күйлерінің ерекшелігін аша отырып, олар жөнінде түсінік беру; ерлікке, Отанды қастерлеуге шақыру; өршіл жырлары арқылы ерлікті ту еткен Махамбеттің ерлігін қастерлеуге баулу, елінің адал азаматы болуға

тәрбиелеу.

Шара барысында Махамбет туралы бейнежазба көрсетіліп, ақынның «*Мен-мен едім, мен едім*», «*Қызғыш құс*», «*Ереуіл атқа ер салмай*», «*Атадан туған аруақты ер*» тағыда басқа өлеңдері оқылды. Сонымен қатар «Өр рухты дауылпаз ақын» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып библиографиялық шолу жасалды. Көрмеге Махамбет туралы әдістемелік құралдар баспасөз басылымдары, ол туралы кітаптар қойылды.

Қазақ халқы талай қиын кезеңді басынан кешірді. Елін, жерін көзінің қарашығындай қорғаған, оның мүддесі үшін қабырғасы қайысып, қасық қаны қалғанша қорған болуды мақсат еткен дара тұлға батырлары көп болған. Олар сабырдың тәуекел мен арманның түлегі. Міне осындай көрнекті өкілдердің бірі – Махамбет Өтемісұлы. Махамбет – дауылпаз ақын! ХІХ ғасырдың бірінші жартысында сұрапыл жырлармен халықты күреске шақырып үндеген Махамбеттің ақындық дарыны ерекше. Оның ерлікке, елдікке шақыратын «Мұнар күн», «Ұлы арман», «Біртіндеп садақ асынбай», «Ереуіл атқа ер салмай», «Жалғыз дүние», «О, Нарын!» және Исатайға арналған «Исатай деген ағам бар», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», «Соғыс», «Мінген ер», «Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай», «Исатай сөзі», «Арыстан одан кім өткен?» т.б. көптеген өлеңдері бар. Махамбеттің өлеңдерінің бастан аяғына дейін жырлаған негізгі өзекті тақырыбы – жастарды елін, туып өскен жерін қорғау үшін жалаулы найза қолға алып, туған халқы, елі үшін кездескен қиыншылықты

жеңе білуге жас ұрпақты шақыру.

Махамбеттің: *Толарсақтан саз кешип,*

Тоқтамай тартып шығуға

Қас үлектен туған каметі

Қара нар керек біздің бұл іске.

Қабырғасын қаусатып,

Біздің бүйткен бұл іске, –

деген өлең жолдарында жастарды қандай да болмасын қиындықты жеңе білуге, туып өскен Отанын елін сүйуге, елжандылыққа жас ұрпақты үндеді. Махамбеттің «Қызғыш құс» өлеңінде де ақынның еліне деген сүйіспеншілігі тамаша өрнектелген. Ақын психологиялық параллелизмді шебер қолдана отырып, қызғыш құспен өз тағдырын салыстырады. Махамбет көл қорыға қызғыштай елі үшін отқа түседі. Көтеріліс кезінде де Исатай бастаған қолдың алдында тұрып, оларды Жеңіске жетелеп, ұран көтеріп, өлеңмен жігер берген Махамбет ақынның басты құралы – өршіл жырлары болды. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да, ол өз рухын жоғалтпады. Халықты көтеріліске қайта шақырып, өлеңмен ой салып, халық санасын оятуға күш салды. Амал не, қараңғы халық ойын түсінбеді, оның өлеңінің құдіретіне бас исе де, ақын соңына ермеді. Махамбет ақын мен Махамбет батырдың осы қасиеттерін біз күйші Махамбеттен де, композитор Махамбеттен де анық байқағандаймыз. Егер біз Махамбет тағдырын ел кегін жоқтаған ердің ереуіл ғұмыры деп танитын болсақ, оның жырларын сол ереуіл өмірдің поэтикалық шежіресі деп білеміз. Мынау жеті күй яғни «Жайық асу», «Қайран Нарын», «Жауға шапқан», «Жұмыр қылыш», «Өкініш»,

«Исатайдың Ақтабаны-ай», «Шілтерлі терезе» бізге сол асқақ ақын, асқаралы азаматтың жүрек соғысы мен жүрек тынысының үнмен жазылып қалған кардиограммасындай көп жайды аңғартып, көп нәрсені түсіндіріп тұр. Мұнда да Махамбеттің сол таныс даусы, таныс шабыты, Махамбет жүрегінің сол таныс дүрсілі. «Исатайдың Ақтабаны - ай» баяғы ереуіл атқа ер салғандардың дегені болып, тастары өрге домалап тұрған қайран дәурендерін жарқылдатып көз алдына тосса, «Шілтерлі терезе» сол өктем көңіл, өр жүректің торға түскен торғайдай бұлқынған, бірақ қиянатшыл тағдырға көнбей тайталасқан арпалыс халінен зар төккендей. Онда да тауы шағылып, таусылған мүскіннің мүсәпір жылап - сықтауы емес, намысына қыл бұрау түсіп, бұлқынған арыстың арпалысып буырқанғаны естіледі. Біз осы хал, осы әуенді Махамбеттің «Өкініш» атты күйінен де жақсы аңғарамыз. Онда қалт жіберіп, қапы соққан кісінің ызасы тепсінгенімен, «мұны неге істедім» деп өкінген өксік жоқ. Күйдің әуен бітімі оның Исатайдан айырылып, көтерілістің дағдарысқа ұшыраған тұсында туғанын аңғартқан. Бірақ сондай жер жарылып, аспан шытынаған кездегі күйші жүрегі неткен сабырлы, күйші зары неткен мәнді, ұстамды! Махамбет күйінің бір бояудан ғана тұрмайтынын қапысыз таныта алатын тағы бір шығармалар санатына «Жұмыр Қылыш» пен «Қайран Нарынды» жатқызуға болады. Орындаушылар «Қайран Нарынды» Махамбеттің ақындық творчествосының басты арнасына айналдырған туған ел, туған елдің мүддесі мен мерейі жолындағы ұрыс тақырыбына

арнаған. Күйден «аһ» ұрған зар, қайнаған ыза, езілген мұң, серпілген арман, ашылған күндей шуақты қиял қатар білінеді. Ал «Жұмыр Қылышты» Исатайдан айырылып, жалғыз жортқан Махамбетті Баймағамбет сұлтанның қанды қақпанынан құтқарып қалған байбақты батырлары Жұмыр мен Қылышқа арналған деседі. Осылай болуы ғажап емес. Күйде шалт қимылды батырлыққа лайық аршынды ырғақ, адуын серпін бар. Ол күмбірлей төгілген қоңыр сазбен ара жігі білінбей әдемі жымдасқан.

Міне, әдемі де әсерлі ұйқастың шебері Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының азаттығы, теңдігі жолында, ақ найзасымен, азаткер асқақ жырымен, қасық қаны қалғанша күрескен, тіпті сол жолда құрбан болған батыр ақын. Ол ерлікті, өрлікті өзі ғана жасамай, бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті, оны кейінгі ұрпаққа өлмес мұра етіп қалдырды.

*Ақыры жетті күн бүгін,
Ақырып теңдік сұраған.
Түнектің түріп түндігін,
Ат міндің сұлу құладан.
Парызың бүгін өтелген,
Әр ізің жатыр жаңғырып.
Азаттық туын көтерген,
Ақынның жсыры мәңгілік!*

**М.ЖАЛҒАСҚЫЗЫ,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының
қызметкері.
Ақтөбе қаласы**

ТАРИХТЫҢ ҚАСІРЕТТІ БЕТТЕРІ

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық



әмбебап ғылыми кітапханасы 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күніне орай «Ерлік – ұрпаққа мұра»

атты Семей ядролық полигонының ардагерлерімен кездесу кешін өткізді.

Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күні Қазақстан тарихында зұлмат қарудан ада болған күн ретінде алтын әріппен жазылды. Айтулы оқиға әлемдік тарихта да ойып орын алды. 2009 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысы бойынша 29 тамыз – Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы күн болып бекітілді. 2019 жылдан бастап елімізде дәл осы атаулы күн мереке күні болып

есептеледі. Қазақ жері қырық жыл бойы жойқын жарылыстың азабын тартып келді. Өзекті өртеген өкінішті оқиғаны өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында 29-тамыздың мереке күн болып белгіленуі өте орынды болды. Сонымен қатар биыл Семей ядролық сынақ полигонының жабылуына елеулі үлес қосқан «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының құрылғанына 30 жыл толып отыр.

Жалпы Семей ядролық сынақ полигонына Ақтөбе облысынан 11 мың

адам қатысқан. Қазіргі таңда 1800 ардагердің көзі тірі болса, 320-сы мүгедек, 14-і төсек тартып ауыр халде жатыр. Жыл сайын ардагерлер



мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін медициналық көмекті Астана, Алматы қалаларындағы арнайы госпитальдардан алып келеді. Қуантарлық жәйт, облыс әкімі Оңдасын Оразалиннің қолдауымен Ақтөбе қаласында Семей ядролық полигонының құрбандарына арналған ескерткіш бой көтермек.

Кітапханада өткен кештің құрметті қонақтары Ізімғали Көбенов – профессор, «Невада-Семей» антиядролық қозғалысы Батыс аймағы филиалының директоры, Болат Қамысбаев – профессор, Семей ядролық полигонының ардагері, «Ақтөбе облысы бойынша Семей ядролық сынақ полигонының

ерекше тәуекел ету бөлімшелерінің ардагерлері мен мүгедектері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы және де әр ауданнан келген бір топ ардагерлер болды. Олар «Невада-Семей» қозғалысының атқарған ауқымды жұмыстары және радиация әсерінен зардап шеккен жандар туралы айтып, өмірден өткен азаматтарды



еске алды.

Ш а р а д а жастар кеш қонақтарына тақырыпқа байланысты ж ә н е

облысымыздағы өзекті мәселелердің бірі экологиялық жағдай туралы белсенділікпен сұрақтар қойды.

Кітапхана оқырманы Хан-Чингиз Сейсенов келген

қонақтарға ядролық ж а р ы л ы с т а р д ы ң көп бөлігі неліктен Қазақстан жерінде жасалды деген сауал қоя отырып, әлеуметтік желілерде осы полигондар



жайлы толық ақпарат беретін, сынақтан зардап шеккендерге әлеуметтік, қаржылық көмек беру мақсатында парақша ашу қажет деген ұсыныс білдірді. Ардагерлер әлеуметтік парақшалар ашу және облыстағы экологиялық мәселе жөніндегі

ұсыныстар күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі болатынын жеткізді. Сонымен бірге, «Невада-



Семей» антиядролық қозғалысы Батыс аймағы филиалы эксперт комиссиясының төрағасы Қозы Қибатаев

Семей полигонында радиация әсерінен обыр, тірек-қимыл қозғалысы, жүйке жүйесі, қан-тамырлар, жүрек, генетикалық жолмен берілетін аурулардың көп таралғандығын және Семей жері тастақ, адам аз шоғырланған жер болғандықтан ядролық сынақтардың көп жасалғандығы жөнінде ашып айтты.

Кеш барысында бейнероликтер көрсетіліп, «Семей полигоны – тарихтың қасіретті беттері» атты кітап көрмесі жасақталды. Кездесу соңында кітапхана директоры Б.Кошабаева қонақтарға лебізін білдіріп, естелікке кітаптар сыйлады.



Ш. ҚУДАСОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

АЛТЫН АРҚАУ – АТА ЗАҢ

Ата заңның 24 жылдығына орай тамыз айының 28-і күні Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының оқу залында «Алтын арқау – Ата Заң» атты музыкалық кеш өтті.

Ұйымдастырылған кешті өткізудегі **басты мақсат**



– жас ұрпаққа қ ұ қ ы қ т ы қ т ә р б и е беру, әрбір адамзатты еліміздің заңдары мен тәртіп ережелерін сыйлауға және

орындауға, еліміздің материалдық, рухани байлығын үнемді пайдалануға, оны байытуда адал еңбек етуге, адамдарға жамандық шақырмауға баулу. Ата заңымызды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Тәуелсіз елдің басты нышаны – Ата заң. Биылғы жылы Тәуелсіз Қазақстанның Ата заңына 28 жыл толып отыр. Қандай ел болмасын, заңға жүгініп, тәртіп пен тұрақтылыққа көңіл бөлсе, сол елдің дамуы мен тұрақты болуы айқын. Ата заңы бар ел

– ол болашағынан зор үміт күтетін ел. Болашағына сенетін ел.

Өткізілген шара барысында кітапхана қызметкерлері Көшербайқызы Ақниет, Абжан



Нұрсұлтан, Сұлтанбекова Лаура, Бекенова Гүлнұр жастар мен оқырмандарға ҚР Конституциясы туралы мағлұмат беріп, жиырма екі жасарын оқыды. Жиынға

қатысқан жас оқырмандар Тәуелсіз еліміз Қазақстанның әнұранын нақышына келтіріп орындап, көкейлеріндегі ойларын ортаға салды. Әрбір адам құқығын білуі тиіс. *«Егер де мен Президент болсам..»*, *«Егер де мен Ақтөбе облысының әкімі болсам..»*, *«Мен Заң шығарушы орган болсам..»*, *Өз құқығымызды білеміз бе?»*

дегендей қызықты әңгімелер қозғалды. Сонымен қатар викториналық сұрақтар



қойылып, жауаптар алынды. Шараға белсене

қатысқан жастар да аз емес-ті. №16 орта мектептің оқушылары Серікбай Ақтоты өзінің өнерін көрсетіп,



«Оймақ» биін билесе, Омарова Гаухар «Самға» атты әнін тарту етті. Ербөлек Ерболат, Бұршақбаев Расул кешті ұйымдастырып,

өлең жырларын арнады. Кеш барысында Үкіметтік емес ұйымның қызметкерлері ыстық ықыластарын, жылы лебіздерін білдірді.

Конституция күніне орай «Ата заң Елдігіміздің еңсесі» тақырыбында слайд шоу көрсетіліп, «Ата заңым – елдігімнің айбыны» атты кең көлемде кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды. Шара соңында кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы қорытынды сөз сөйлеп, өз шығармашылығынан өлең оқыды. Сонымен қатар келе жатқан мейраммен құттықтады.

«Қазақстан – егеменді байрақты ел, Жердің жүзін мойындатқан қайратты ел,

Ата заңым – елдігімнің еңсесі, Заңы барда қазақ елі айбатты ел, – деп Ата заңымыз елімізге адал қызмет кетеді деп сенім білдіреміз. Кеш соңында естелік суретке түсті.

Л. ЕРІКҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері,
Ақтөбе қаласы

АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ!

*Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш
– Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары,
ардақты орын – Абайдікі.*

Міржақып Дулатов.

Ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға сүйене отырып, орыс және еуропа мәдениетімен жақындасу арқылы қазақ мәдениетін жаңартуды көздеген реформатор – Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ҚР Ұлттық ұланы 6655 әскери бөлімімен кітапханамыз бірлесе, «Абай мұрасы – халық ұлағаты» атты әдеби танымдық кеш өткізді. Кітапхана қызметкерлері осы шараға «Абайды оқы ерінбе!» атты кітап көрмесін дайындады. Атаулы шараға әскери қызметкерлер мен борышын өтеуші сарбаздар, облыстық халық шығармашылығы орталығының және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкерлері де қатысты.

Кештің мақсаты: Абай шығармаларын әскери қызметкерлер жүрегіне терең бойлатып, Абайдың жұмбақ әлемі мен тылсым сырларына үңілту. Сөз патшасы – өлең құдіретін асыл сөз маржандарын бойларын сіңірту, Абай мұрасын, философиялық ой - толғауларын насихаттау болып табылады. Ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен

Абайдың шығармаларын ұрпақтан - ұрпаққа жеткізу.

Шара барысында хәкім Абайдың өлеңдерінен үзінділер оқылды. Әскери борышын өтеуші сарбаздар Абай өлеңдеріноқыса, Ноғаева Ақторғын мен Мұхамметжан Аслан ақынның әндерін орындады. Кітапханамызбен әрдайым тығыз байланыста болып, әдеби кештерді бірлесе өткізіп жүрген 6655 әскери бөлімінде өткен осы шараға кітапхананың жас қызметкерлері Көшербайқызы Ақниет «Жасымда ғылым бар депескермедім» пен Сұлтанбекова Лаура «Мен жазбаймын өленді ермек үшін" атты ақынның танымал өлеңдерін оқып атсалысты. Шара соңында ҚР Ұлттық ұланы 6655 әскери бөлімінің полковнигі Мирас Турдалин қатысушылар мен көрермендерге, қонақтарға өз алғысын білдіріп, алғыс хаттарымен марапаттады.

Абай есімі – қазақ халқының ұлттық санасының оянуы мен рухани қайта жаңғыруының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы-халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы болып қала бермек.

Абай Әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар Әуезов «Мен Абай тереңінен шөміштеп қана іштім» деген екен. Біз де Ұлы ғұлама тереңіне бас қойып, сол тереңнен дәмтатып өсе беруіміз керек. Сол себептен оқудан, білуге ұмтушылықтан, ізденуден жалықпайық!

М. САНДЫБАЙ,
С.Бәйішев атындағы
облыстық әмбебап-ғылыми
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының мәжіліс залында өлке әдебиетін насихаттау мақсатында Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қырық жылдан бері қаламы талмай келе жатқан жергілікті жазушы, аудармашы Зияш Телеуованың қатысуымен «Қаламы жүйрік қаламгер» атты тақырыпта кездесу кеші өтті.

Зияш Телеуова – әлем әдебиетінен ойып орын алған детектив жанрын дамытуға зор үлес қосып келе жатқан ойы орамды, қаламы жүйрік қаламгерлеріміздің бірі. Бүгінгі таңда жазушының қаламынан туған «Махабаттың ажалы» және «Банкирдің өлімі» атты екі кітабы қалың оқырман арасында өте жоғарғы сұранысқа ие болып отыр. З.Телеуованың ең алғашқы балаларға арналған «АБКА» тобы ашқан қылмыс атты шытырман оқиғаға толы кітабы 2009 жылы «Жеті жарғы» баспасынан жарық көрген болатын. Ал жазушының жоғарыда аталған екі романы 2013 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша «Жазушы» баспасынан жарық көрген

болатын. Қаламгердің детектив жанрындағы кітаптары Ресейдің «Букмейт» интернет желісінде жарияланып, шетелдегі қазақ оқырмандарының ыстық ықыласына бөленуде.

Кездесу кешін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы бойынша филиалының ақпараттық ресурстық орталық кітапханашысы Салиева Гүлнар Нохымқызы жазушының шығармашылығы мен өміріне қысқаша шолу жасай отырып, жүргізіп отырды. Ол қаламгердің шығармаларының ерекшеліктеріне тоқталып, олардың қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелерге арқау болғандығы жөнінде ой өрбітті. Кітапхана оқырмандарын және кітапханашыларды жазушының тілге жеңіл, ойға қонымды қызықты шығармаларын оқуға және оқырмандарға насихаттауға шақырды.

Кеш барысында Зияш Телеуова оқырмандарға жазушылық жолға қалай келгендігі жөнінде айта кетіп, болашақта жазушы қаламынан қандай тақырыптағы шығармалар туындағанын қалайтынын сұрады. Сонымен қатар кездесуде З.Телеуованың «Өмір» және «Заңгер» атты өлеңдерін С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының жанындағы «Рухнама» шығармашылық орталығының мүшелері Шығанақ Ерсұлтан мен Еркінқызы Әсел оқыды.

Кеш соңында «Өлкетану» бөлімінің меңгерушісі Кемалова Алмагүл Сүлейменқызы жазушы З.Телеуоваға алғысын білдіре отырып, шығармашылығына толағай табыстар тіледі.

А. ЕРМЕКБАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық
жасөспірімдер кітапханасының
бөлім меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы

ҚҰРБАН АЙТ – ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ

“Біз тегіміз – түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек. Дінімізді, тілімізді сақтау – ұлттығымызды, мемлекеттігімізді сақтайды”.

ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев.

Құрбан айт татулық пен бірлікке, сыйластық пен ауызбіршілікке, кешірімге шақыратын, барша мұсылман қауымына ортақ мереке. Үш күнге созылатын мейрам жыл сайын Ораза айт мейрамынан



70 күн өткеннен кейін басталады. Елімізде Құрбан айт мерекесі жоғары деңгейде атап өткізіліп келеді. Барша адамды тәубеге шақыратын

ұлық мерекеде жұртшылық құрбан шалуға асықты. Үйлерінде дастархан жайылып, бір-бірін мерекемен құттықтап, сыйлық сыйлап көңілдерін көтерді.

Осындай мерекеде С.Жиенбаев атындағы

облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері мен оқырмандары қаламыздағы «Нұр-Фасыр» мешітіне



барып, сондағы имамдармен бірлесіп тәрбие сағатын өткізді. Шара ны өткізудегі мақсат – Құрбан айт мерекесінің қасиеті туралы

түсінік алу, Имандылық қасиеттерін қалыптастыру, парасаттылыққа, біліктілікке, адалдыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу болды.

Шара барысында «Нұр-Фасыр» мешітінің найб-имамы Күзенбаев Нұрлыбек Шәкизадаұлы Құрбан айт мерекесінің мән-маңызына және оны дұрыс атап өтудің жөн-жосығына тоқталды.

– *Қасиетті мереке Құрбан айтты қалай қарсы алу керек?*

– *Оның мәні мен мағынасы туралы түсінігіңіз қандай?*

– *Кімдер құрбан шалады?*

– *Құрбандыққа шалынатын мал қалай таңдалады?*

– деп кітапхана қызметкерлері мен оқырмандар сұрақтарын қойды. Сонымен қатар мешіт имамы адамгершілікке, имандылыққа, қайырымдылыққа шақыратын тәрбиелік мәні бар әңгімелерін мысал келтіре отырып, тыңдарман көңіліне әдемі жеткізе білді.

Кітапханашылар «Құрбан айт – ұлық мереке» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, имандылыққа шақыратын діни және көркем әдебиеттер, мерзімді басылымдармен таныстырды.

Кітапхана директоры Гүлжайнар Нәренқызы Қалдина осындай игі шараларды әлі де бірлесе жасай беретіндігін айтып, мешіт имамдарына алғысын білдірді.

«Жастары иманды елдің – болашағы зор» – деген екен Ж.Баласағұн. Сондықтан да кітапханашылар имамдармен жасөспірімдердің кездесу кештерін, тәрбие сағаттарын жиі өткізіп тұрады. Өйткені жастарды тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз. Ал тәрбиенің алтын діңгегі – имандылық болып табылады. Ұлы Абай: *«Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөзі еш уақытта жалған болмас»* – дейді. Дін арқылы адамзат баласының имандылығы артып, ата-бабадан мирас болған рухани құндылықтарға бейімделген сайын тазарып, ілгерлеп дамып, өркениетке бет алары анық.



Л. СҰЛТАНБЕКОВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ НЕГІЗІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Өзге ұлттың тілін, дәстүрін білмей, оның жанын, арманын түсіну, сеніміне, құрметіне бөлену мүмкін емес.

Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай.

Бауыржан Момышұлы.

Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн – “*Ұлттың сақталуына да,*



жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл” – деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, публицист,

педагог, аудармашы, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесі тұспа-тұс келіп тұр, осыған орай С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер

кітапханасы 6655 әскери бөлімімен бірлесе, «Ұлт бірлігінің негізі – мемлекеттік тіл» атты пікір-сайыс өткізді.



Бұл шара жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін,

ынтасын ояту, тіл мәртебесін көтеру, біздің ертеңіміз, тіршілігіміз екенін түсіндіру және өзге де тілдерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, елжандылыққа тәрбиелеуге бағытталған.

Тіл – ата-баба аманаты. Ғасырдан ғасырға,



ұрпақтан ұрпаққа ұласқан, бабадан балаға жалғасқан ұлы мұралардың ұлысы, алдымен, әр ұлттың тілі ғой. Ендеше ата-баба мұрасын жалғастыру,

оның мәртебесін көтеру – баршамыздың міндетіміз, парызымыз. Қазақ тілі – ұлы Абай, дана Жамбыл сөйлеген ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатырған көркем тіл.

4 кезеңнен тұратын пікір-сайысқа әскери бөлімнің сарбаздары мен қызметкерлері қатысты. Сайысқа

қатысушылар өздерін таныстырып, мақал-мәтелдер айтып жарысып, салт-дәстүр туралы бейнебаян, тарихи көрініс көрсетті. Әр сында қатысушыларымыз білімдерімен, тапқырлықтарымен көзге түсіп отырды. Көрермен сазбардар мен кітапхана қызметкерлері Бекенова Гүлнұр, Көшербайқызы Ақниет тақырыпқа



байланысты ақын-жазушылардың шығармасын, өлеңдерін оқыды. Шара соңында әділқазы мүшелері қатысушыларды алғысхатпен бағалы

сыйлықтарымен марапаттады. Қатысушылар назарына «Тілім менің ғасырлардан аманат» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Елдігіміздің дәлелі – тұғырлы тілімізді ұмытпайық және ұлықтайық!



Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.09. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2019 ж., 144 бет, Алматы.